

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 111 Жарлығы "Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" толық мәтіні және республикалық баспасөзде мазмұны жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес, халықтың өмір сүру сапасын арттыру, Астана қаласының әлемдік стандарттарға сай келетін және экономиканың өсуіне барабар тыныс-тіршілік инфрақұрылымын қалыптастыру, елорданың мемлекет экономикасындағы ықпалдастық рөлін арттыру, сондай-ақ қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Астана қаласының әкімі:

1) Бағдарламаның орындалуын үйлестіруді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін;

2) жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұ с ы н с ы н .

5. Осы Жарлықтың іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2006

жылғы

4

мамырдағы

**Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық
дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана, 2006 жыл

Мазмұны

	Бағдарламаның	паспорты
	К і р і с п е	
1.	Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау	
1.1.	Жалпы сипаттама	
1.2.	Әлеуметтік сала	
1.2.1.	Демографиялық даму	
1.2.2.	Әлеуметтік қамсыздандыру	
1.2.3.	Білім беру	
1.2.4.	Денсаулық сақтау	
1.2.5.	Мәдениет және спорт	
1.2.6.	Ақпарат және имидж саясаты	
1.3.	Индустриялық-инновациялық саясат және энергетикалық кешен	
1.3.1.	Өнеркәсіп	
1.3.2.	Кәсіпкерлік	
1.3.3.	Электр энергетикасы	
1.3.4.	Жылумен жабдықтау	
1.4.	Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	
1.4.1.	Қала құрылысы	
1.4.2.	Тұрғын үй құрылысы	
1.4.3.	Қаланы абаттандыру	
1.4.4.	Газбен жабдықтау	
1.4.5.	Сумен жабдықтау және су тарту	
1.5.	Көлік жүйесі	
1.5.1.	Қалалық жол-көлік жүйесі	
1.5.2.	Қаланың ішкі көлігі	
1.5.3.	Сыртқы көлік	
1.6.	Инвестициялық ахуал	
1.7.	Туризм	
1.8.	Сауда	
1.9.	Бюджет саласы	

- 1.10. Қоршаған ортаны қорғау
2. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері
3. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі
 - 3.1. Әлеуметтік саланы дамыту
 - 3.1.1. Демографиялық даму
 - 3.1.2. Халықтың тұрмыс деңгейі
 - 3.1.3. Әлеуметтік қамсыздандыру
 - 3.1.4. Білім беру
 - 3.1.5. Денсаулық сақтау
 - 3.1.6. Мәдениет және спорт
 - 3.1.7. Ақпарат-имидж саясаты
 - 3.2. Индустриялық-инновациялық саясат және энергетикалық кешенді дамыту
 - 3.2.1. Өнеркәсіп
 - 3.2.2. Кәсіпкерлікті дамыту
 - 3.2.3. Электр энергетикасы
 - 3.2.4. Жылумен жабдықтау
 - 3.3. Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту
 - 3.3.1. Қала құрылысы
 - 3.3.2. Тұрғын үй құрылысы
 - 3.3.3. Қаланы абаттандыру
 4. Газбен жабдықтау
 - 3.3.5. Сумен қамтамасыз ету және су тарту
 - 3.4. Көлік және телекоммуникацияны дамыту
 - 3.4.1. Көлік
 - 3.4.2. Телекоммуникациялар
 - 3.5. Сауда
 - 3.6. Қалалық қызмет көрсету саласын дамыту
 - 3.7. Салық және бюджет саясаты
 - 3.8. Инвестициялық ахуалды жақсарту
 - 3.9. Туризмді дамыту
 - 3.10. Қоршаған ортаның жағдайын жақсарту
4. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері
5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның паспорты

Ескерту. Бағдарламаның паспортына өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.26 № 919 Жарлығымен.

Атауы Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының
2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама)

Әзірлеу үшін
негіз

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен 2004 жылғы 21
желтоқсанда өткен кеңестің N 01-7.11 хаттамасы

Әзірлеуші
Мақсаты

Астана қаласының әкімдігі
Халықтың өмір сүру сапасын дәйекті арттыру,
әлемдік стандарттарға сай келетін және қала халқы
мен экономикасының өсуіне барабар тыныс-тіршілік
инфрақұрылымын қалыптастыру, қолайлы қоршаған
ортаны қамтамасыз ету, елдің экономикасында
елорданың ықпалдастық рөлін арттыру

Міндеттері

I кезең (2006 - 2008 жылдар):
бала тууды көтермелеу, денсаулықты бекемдеу және
өмір сүру жасын ұзарту;
халықтың неғұрлым осал және қорғалмаған
жіктеріне атаулы әлеуметтік көмекті ұсыну;
мемлекет және денсаулық сақтау саласындағы
уәкілетті орган айқындайтын денсаулық сақтауды
дамытудың басым бағыттарын іске асыру;
сапалы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз
ететін медициналық кластер құру;
әлемдік деңгейдегі білікті кадрларды даярлауды
қамтамасыз ететін ғылым-білім кластерін құру;
білім беру мекемелерінің теңгерімделген
желісін құру және сапалы да үздіксіз білім беру
жүйесін қалыптастыру;
халықтың рухани әлеуетін нығайту және зияткерлік
деңгейін арттыру;
халықты жұмыспен қамтуды және қала экономикасына
туризмді дамытудан кіріс түсуін қамтамасыз ететін
туристік кластерді құру;
қаланың экономикасын, әлеуметтік, өндірістік,
тұрғын үй және көлік инфрақұрылымын дамыту үшін
қаржы ресурстарын тарту мақсатында қолайлы
инвестициялық ахуал жасау;
ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық
экспортқа бағдарланған өндірістер құруды
қамтамасыз ететін өнеркәсіп кластерін құру;
құрылыс жұмыстарының сапасын арттыру және құнын
азайту үшін күрделі шығындарды азайтуды қамтамасыз

ететін және қазіргі заманғы құрылыс материалдарын пайдалануды ынталандыра түсетін құрылыс кластерін

қ ұ р у ;

халық санының өсуіне және қала экономикасының даму қарқынына сәйкес қаланың тыныс-тіршілік инфрақұрылымының жұмыс істеуінің тиімділігін

а р т т ы р у ;

тұрғын үй иелерінің тұрғын үй ғимараттарын тиісінше күтіп-ұстау және оларды уақтылы күрделі жөндеу жөніндегі міндеттерді орындауына

мемлекеттік бақылауды күшейту;

қаланың көркемдік мәнерлілігімен, тарихи-мәдени және ұлттық өзгешелігімен ерекшеленетін сәулеттік

келбетін қалыптастыру;

қаланы сумен жабдықтау мен су тарту жүйелерінің сенімділігін арттыру және халықты сапалы ауыз

сумен қамтамасыз ету;

қалаішілік жолаушылар және жүк тасымалына деген өскелең қажеттілікті қамтамасыз ететін көлік

инфрақұрылымын дамыту;

телекоммуникация мен почта байланысы қызметтерін

д а м ы т у ;

мемлекет белгілеген сапа кепілдігі жағдайында елорда тұрғындарының алуан түрлі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге сұранысын

қанағаттандыру, сауда және тұрмыстық қызмет

көрсету мәдениетін арттыру;

бюджетті перспективаны жоспарлау және оның атқарылу процестерінің тиімділігін арттыру;

қалалық бюджеттің кіріс бөлігін барынша ұлғайту

II кезең (2009 - 2010 жылдар):

бәсекеге қабілетті еңбек нарығын құру, білім берудің, медициналық қызметтердің, мәдениеттің және басқаларының стандарттарын жақсарту арқылы

қала халқының тұрмыс сапасын арттыру;

өзекті әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін қаланы басқарудың талдамалық-ақпараттық

қамтамасыз етілуін жақсарту жолымен оның

тиімділігін арттыру;

тұрғын үй құрылысын жедел дамыту және тұрғын үй нарығының тиімді тетіктерін қолдану арқылы тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ету; тиімді көлік инфрақұрылымын құру, көлік ағынын оңтайландыру, жүрдек қоғамдық көліктің балама түрлерін енгізу; қаланың тыныс-тіршілік үшін қолайлы қоршаған ортасын орнықты дамытуды қамтамасыз ету; қала кәсіпорындары өндіретін өнімді өткізу нарықтарын кеңейту; жоғары технологияларды тарта отырып, қаланы басқарудың озық тәжірибесін пайдалану; Қазақстан Республикасының елордасы - Астананың жағымды бейнесін жасау және оны нысаналы топтар арасында көрсете білу

Іске асыру

2006 - 2010 жылдар

мерзімі

Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға республикалық, жергілікті бюджеттің және халықтың қаражаты, халықаралық қаржылық, экономикалық ұйымдардың гранттары, шетелдік және отандық инвестициялар пайдаланылатын болады. 2006 - 2010 жылдарға арналған инвестицияларға жалпы қажеттілік 547,6 млрд. теңгені құрайды.

Бағдарламаны іске асыру жылдары бойынша қаражатты

бөлу:

	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Кәсіпорындар, ұйымдар және концессионерлер қаражаты	ЖИЫНЫ
2006	62,5*	6,9	-	69,4
2007	79,3	7,7	-	87,0
2008	100,9	4,1	0,01	105,01
2009	140,4*	5,0	1,8	147,2
2010	101,3*	2,7	0,54	104,54
Жиыны	514,1**	31,1**	2,35	547,55**

*Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2006-2007 жылдардағы кредит қаражаты - 5,07 млрд. теңге), Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының

2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2008-2010 жылдардағы кредит қаражаты - 25,0 млрд. теңге) шеңберінде қала бюджеті тұрғын үй құрылысына алатын кредиттерді есепке алмағанда;

**Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жылдар бойынша қаржыландыруға 34,4 млрд. теңге сомасында 2006 жылғы республикалық және жергілікті бюджеттердің нақтылануы қосылды, оның ішінде: республикалық бюджетке - 29,7 млрд. теңге; жергілікті бюджетке - 4,7 млрд. теңге.

Жылдар бойынша қаржыландыру көлемі кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті және Астана қаласының бюджетін қалыптастыру кезінде

нақтыланады.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру үйлесімді дамыған елорда ортасын құруды қамтамасыз етеді, халықтың сапалы тұрмыс деңгейін көтеру үшін жағдай жасайды. Қаланың инфрақұрылымы таңдаулы әлемдік үлгілерге жақындай түседі.

Бағдарламалық іс-шараларды практикада іске асыру

Астана қаласы экономикасының дамуындағы оң үрдістерді нығайтуға мүмкіндік береді, сол арқылы орта мерзімді, сондай-ақ ұзақ мерзімді кезеңдерде оның дамуының макроэкономикалық орнықтылығын қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны іске асыру:

экономикада:

өнеркәсіптік өндіріс көлемін 2,2 есеге (I кезең - 1,7 есеге), оның ішінде өңдеуші өнеркәсіпте - 2,2 есеге (I кезең - 1,8 есеге), электр энергиясын, газ бен суды өндіруде және бөлуде - 2,0 есеге (I кезең - 1,1 есеге) ұлғайтуға;

әлеуметтік салада:

жұмыссыздық деңгейін 6,9 %-ға дейін азайтуға;
халықтың ақшалай кірісін 1,8 есеге ұлғайтуға;
қала халқының өмір сүруінің орташа ұзақтығын 74,6 жасқа дейін ұлғайтуға (I кезең - 71 жасқа

дейін) мүмкіндік береді

Кіріспе

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылға 21 желтоқсандағы N 01-7.11 хаттамалық тапсырмасына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу қаланың әлеуетін шеткері аймақтар мен рекреациялық өңірлерді дамытудың өзара байланысында сақтау және кейіннен күшейту жолымен Астана қаласының одан әрі дамуының стратегиясын айқындау қажеттігінен туындады.

Қазіргі уақытта қала тұрақты экономикалық өсу сатысында. Өндіріс өнімінің, күрделі құрылысқа салынған инвестициялар көлемі, тұрғын үйді пайдалануға берудің, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарының, салық жинау және бюджеттік төлемдердің көлемі ұлғаяды.

Сонымен қатар қаланың қарқынды өсуіне оның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерінің қызметіне, көлік инфрақұрылымын дамытуға, қала құрылысы сипатындағы және басқа да мәселелерге қатысты бірқатар проблемалар кедергі келтіруде. Осы Бағдарлама қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына жағымсыз әсерлерді жою мақсатында әзірленді.

Бағдарлама Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын талдауды, орта мерзімді мақсаттар мен міндеттерді, оларға қол жеткізудің тәсілдері мен құралдарын қамтиды, негізгі проблемаларды шешуді көздейді, қаланың өсу үрдістерін ескере отырып одан әрі дамыту бағыттарын айқындайды, сондай-ақ оның ұзақ мерзімді әрі орнықты өсуінің негіздерін қалайды.

1. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

1.1. Жалпы сипаттама

Астана қаласы еліміздің орталық бөлігінде, ежелгі Сарыарқаның солтүстігінде орналасқан.

Астана қаласының аумағы 71 га құрайды, Ақмола облысымен шектеседі. Әкімшілік бөлініс бойынша қалада екі аудан - "Сарыарқа" және "Алматы" аудандары бар.

Қала экономикасының дамуын сипаттайтын аса маңызды көрсеткіштердің бірі жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) болып табылады.

2000 - 2004 жылдар ішінде қаланың ағымдағы бағалардағы жалпы өңірлік өнімінің көлемі 3,5 есеге ұлғайды және 2004 жылы нақтылы мәнінде 419,2 млрд. теңгеге жетті, бұл республиканың жалпы өңірлік өнімінің 7,9 %-ын құрайды.

2004 жылы жалпы өңірлік өнімде өндіріс үлесі - 5,7 %, құрылыста - 22,5 %, саудада - 17,7 %, көлік пен байланыста - 15,3%, ауыл шаруашылығында - 0,5 % құрады.

Соңғы жылдар ішіндегі өңірлік өнім өсімінің жылдам қарқыны қаланың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімінің жоғары деңгейін айқындайды. 2000 - 2004 жылдар ішінде бұл көрсеткіш 3 есеге дерлік өсіп, және 2004 жылы 806,5 мың теңгені құрады,

бұл орташа республикалық деңгейден 2,2 есеге жоғары.

Қала республикалық бюджетті түзуде маңызды рөлге ие. 2005 жылдың қорытындылары бойынша республикалық бюджеттің 12,4%-ы Астана қаласының салық төлеушілерінен түскен салық түсімдері есебінен құралды.

1.2. Әлеуметтік сала

1.2.1. Демографиялық даму

Жаңа астананың дамуы, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайының және инфрақұрылымының жақсаруы қала халқының жалпы санының өсуіне әкелді. Астана қаласы халқының саны 2000 жылмен салыстырғанда 169,2 мың адамға көбейіп, 2006 жылдың басында 550,2 мың адам болды.

Астана қаласы халқының табиғи қозғалысының оң факторы бала туу мен неке қию деңгейінің артуы болып табылады.

2005 жылы қалада 8,8 мың бала өмірге келді, ол 2000 жылы туылғандармен салыстырғанда 4,3 мыңға көп.

2005 жылы бала туудың коэффициенті 1 мың тұрғынға шаққанда 16,3, өлім - 6,7 құрады.

Қала халқының өсуі негізінен көші-қон ағыны есебінен қамтамасыз етілуде. Көші-қон сальдосының елеулі түрде өсуі (50 мыңнан асатын шекте) 2000 - 2001 жылдары байқалды.

Келгендердің санының кеткендерден асып түсуі негізінен азаматтардың республиканың ішіндегі көші-қон есебінен қамтамасыз етілді. Алайда соңғы жылдары оның салыстырмалы түрде тұрақтануы байқалады (2002 ж. - 6,8 мың, 2003 ж. - 5,4 мың, 2004 ж. - 14,2 мың, 2005 ж. - 15,7 мың адам). Халықтың табиғи өсімі осы кезеңде 2000 жылғы 1513 адамнан 2005 жылы 5,2 адамға дейін көбейді.

Демографиялық дамудың негізгі проблемасы қалаға елдің басқа өңірлерінен келген реттелмеген көші-қон ағыны болып табылады.

1.2.2. Әлеуметтік қамсыздандыру

Әлеуметтік қорғау саласында жүргізілген жұмыс кедейлік шегінен төмен өмір сүріп жатқан халықтың, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал жіктерінің өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталды.

Астанада 2005 жылғы желтоқсанда орта есеппен жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс шамасы 6,2 мың теңгені құрады.

Кірісі кедейлік шегімен бірдей немесе одан төмен тұрмысы төмен азаматтардың саны 2006 жылдың 1 қаңтарына 2,9 мың адамды құрады, бұл 2000 жылмен салыстырғанда 4,2 есе кем.

Қалада зейнеткерлердің саны 2000 жылғы 32,3 мың адамнан 2005 жылы 34,7 мың адамға өсті. Мүгедектердің саны 7,7 мың адам болды.

Жергілікті бюджеттен төленетін есебінен әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасы 2005 жылы 678,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде тұрғын үй көмегі - 23,5 млн. теңге,

атаулы әлеуметтік көмек - 35,4 млн. теңге.

2005 жылы Астана қаласы бойынша кедейлік шегінің орташа мөлшері 2,4 мың теңгені құрады. Атаулы әлеуметтік көмек алатындардың саны 2,3 мың адам болды. 14 мыңға жуық тұрмысы төмен азамат жергілікті бюджеттен атаулы әлеуметтік көмек, тұрғын үй жәрдемақысы, заңды және жеке тұлғалардың қайырымдылық және демеушілік көмегі түрінде түрлі материалдық көмек алды.

Мынадай проблемалар жедел шешуді талап етеді:

халықтың әр түрлі жіктерінің әлеуметтік қызметке қол жетімділігінің бірдей болмауы ;

оңалту желілері дамуының жеткіліксіздігі және санаторлық-курорттық сауықтыру мекемелерінің болмауы.

1.2.3. Білім беру

Қалада 11 жоғары оқу орны (оның 8-і жеке меншік), 22 колледж жұмыс істейді. Оқудың барлық түрлері бойынша жоғары оқу орындары мен колледж студенттерінің жалпы саны 58,3 мың адам. Оқушылар саны 1,9 мың адам болатын небәрі 5 мемлекеттік кәсіптік мектеп бастауыш және орта кәсіптік даярлықты жүзеге асырады.

Астанада 54 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп, 2 дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты, арнаулы түзету мектеп-интернаты, ұйымдардың деректері бойынша жалпы саны 60,1 мың оқушысы бар кешкі мектеп жұмыс істейді.

Мектеп жасына дейінгі білім беру жүйесінде 11,2 мың баланы қамтыған 36 мектеп жасына дейінгі ұйым жұмыс істейді.

Бес-алты жастағы балалардың мектеп алды дайындығын ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған.

Қалада білім беру кеңістігі құрылды. Білімге ынталы дарынды балалар үшін мектептер ашылды. 26 мектепте жекелеген пәндерді тереңдете оқытатын сыныптар ашылды.

Қалада ғылым салыстырмалы түрде төмен деңгейде, ғылыми қызметкерлер санының күрт төмендегені байқалады.

Осы саладағы негізгі проблемалы мәселелер:

мектеп жасына дейінгі ұйымдарға деген қажеттіліктің жоғары болуы: 5 мыңнан астам бала балабақшаға орналастыруды қажет етеді;

орта мектептердің 12,8 мың оқушыға лық толуы, кейбір мектептер екі-төрт ауысымда оқиды (1 ауысымда - 16 мектеп 2 ауысымда - 37 мектеп; 3 ауысымда - 7 мектеп; 4 ауысымда - 1 мектеп).

дарынды балалар үшін физика-математика мектебінің болмауы;

кәсіптік-оқу ұйымдары желісінің даму деңгейінің қаланың еңбек нарығы сұранысына сай келмеуі;

кәсіпорындардың жергілікті жоғары оқу орындарының ғылыми әзірлемелеріне деген сұранысының жетіспеушілігі болып табылады.

1.2.4. Денсаулық сақтау

2005 жылы Астана қаласының тұрғындарына барлық мамандықтағы 3,6 мың дәрігер және 4,2 мың орта медицина қызметкерлері еңбек ететін, жергілікті басқару органдарының қарамағындағы 32 мемлекеттік медицина ұйымы және 100-ден астам мемлекеттік емес медицина ұйымдары қызмет көрсетті.

Астана қаласында 5 жыл ішінде кепілді медициналық көмектің көлемі 1821,2 млн-нан 4 176,6 млн-ға дейін өсті. Халықтың жеке санаттарын ауру түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін 2005 жылы 102,4 млн. теңге пайдаланылды, бұл емдеу процесін жүргізу сапасына он ықпалын тигізді.

Өткен кезеңде жаңа денсаулық сақтау объектілері салынды, сондай-ақ қаланың емдеу ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға баса назар аударылды.

Проблемалар:

амбулаторлық, стационарлық көмек көрсету үшін қуаттардың тапшылығы, емханалық бөлімшелердің үлгі-жобаға сәйкес емес қолайсыз үй-жайларда орналасуы балалар мен ересектер емханаларына келушілер санының жоспарлы жүктемесін ұлғайтатынды.

дәрігер кадрлармен қамтамасыз етілу 78 %-ды, орта медициналық кадрлармен қамтамасыз ету - 74 %-ды құрайтын кадр тапшылығы.

1.2.5. Мәдениет және спорт

Соңғы жылдары қалада мәдени-ағарту мекемелері желісі едәуір көбейді. 3 театр, 23 кітапхана, 5 мұражай, 1 клуб мекемесі, 2 кинотеатр, Мемлекеттік филармония, 2 сарай, 3 балалар музыка мектебі, өнер мектебі, көркемөнер мектебі жұмыс істейді.

Халықты спортпен және дене шынықтырумен тұрақты айналысуға тарту мақсатында өткен кезеңде жаңа спорт кешендері ашылды және балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне (БЖСМ) күрделі жөндеу жүргізілді. Халыққа қызмет көрсетуге 25 спорт-сауықтыру кешендері іске қосылды.

Мәдениет және спорт саласындағы негізгі проблемалар:

әлеуметтік-мәдени сала объектілеріне қолжетімділіктің айтарлықтай аумақтық саралануы, олардың қаланың орталығында шоғырлануы шеткері орналасқан шағын аудандардың тұрғындарына қолайсыздық тудырады;

әлеуметтік сала қызметтерін алудың әлеуметтік саралануы, бірқатар қызметтің ақылы болуы оларды тұрмысы төмен отбасылар үшін қол жетпейтін қызметке айналдырады;

қаланың мәдени мекемелерінің материалдық-техникалық жарақтандырылуының төмендігі;

кітапхана қорының жанартылуының жеткіліксіздігі, кітапханалардың техникалық жабдықталуының қазіргі заман талаптарына сай келмеуі.

1.2.6. Ақпарат және имидж саясаты

Қалада ақпараттық инфрақұрылым қалыптасқан және оның дамуы жалғасуда. 2001 - 2005 жылдар кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) саны 78-ден 169-ға дейін (77 газет, 82 журнал, 7 телерадиокомпания, 3 ақпараттық агенттік) өсті. Олардың ішінде 25 БАҚ ағылшын, неміс, украин, татар тілдерінде шығады.

Сонымен бірге мемлекеттік емес БАҚ-тар үлесін арттыру үрдісі байқалып отыр, бұл қазіргі уақытта 66 %-ды құрайды. Ақпараттық саясатты іске асырудың маңызды құралы мемлекеттік тапсырысты мемлекеттік, сондай-ақ жеке меншік БАҚ-қа да орналастыру болып табылады. Ақпараттық саясат медиажоспарларға сәйкес іске асырылады.

Сонымен қатар өз шешімін талап ететін мәселелер де бар: қалаішілік аудиторияға арналған бағыттардың басым болуы, жалпы республикалық және шетелдік аудиториямен жұмыстың жеткіліксіз деңгейі; бүкіл әлемде өте жылдам дамып келе жатқан ақпараттық кеңістік Интернет желісі арқылы ақпараттық саясатты жүргізуге-жеткіліксіз көңіл бөлінуі; ақпараттың көлемі көп болғанымен, оны құрылымдау және шоғырландыру нашар. Қала туралы жалпы мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар оларға сәйкес Астана дамитын бағдарламалар туралы толық ақпаратты, жергілікті билік органдарының нормативтік құқықтық актілері және т.б. қамтитын бірыңғай жалпыға қолжетімді ақпарат көзінің болмауы.

Қаланың қазіргі заманғы жағдайларда әлеуметтік-экономикалық дамуы жай ақпараттық сүйемелдеуге ғана емес, сонымен қатар мақсатты бағытталған **имидж саясатын** жүргізу арқылы қолдауға мұқтаж.

Астана қазіргі уақытта, келешегі бар қала ретінде тұрғындар арасында оң беделге ие, мұнда жақсы білім алуға, жұмыс табуға болады; іскерлік ортаға арналған жоғары инвестициялық тартымдылыққа ие. Алайда көрсетілген оң сипаттамалар нысаналы бағытталған ақпарат-имидж саясатымен ғана емес, сонымен бірге объективті факторлармен: астана мәртебесімен және қала экономикасының дамуымен байланысты.

Имидж саясатының элементтері "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын (АЭА) көрсете білуде қолданылуда. Оның тұрақты жұмыс істейтін құралы "Астана - жаңа қала" АЭА веб-сайты болып табылады.

Шетелдік инвесторларды тарту, тұрғындардың бойында таза қала мәдениетін тәрбиелеу сияқты қолданбалы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу арқылы Астананың идеологиялық бейнесін қалыптастыруды толықтыру қажет, бұл тиісінше, имидж саясатының жаңа құралдары мен нысандарын пайдалануды білдіреді.

1.3. Индустриялық-инновациялық саясат және энергетикалық кешен

1.3.1. Өнеркәсіп

2000 - 2005 жылдар аралығындағы кезеңде қала өнеркәсібінің өсуі байқалды. Қаралып отырған кезеңде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3,1 есе - 2000 жылғы 18,4 млрд.

теңгеден (ағымдағы бағалармен) 2005 жылы 58,0 млрд. теңгеге дейін өсті.

2005 жылы Астана қаласының үлесі жалпы республика көлеміндегі өндірілген өнеркәсіп өнімінің 1,1 %-ын құрады.

1-кесте

Өнеркәсіпті дамытудың негізгі көрсеткіштері

	2000	2001	2002	2003	2004	2005
Өнімдер (тауарлар, қызметтер) көлемі, қолданыстағы бағамен, млрд. теңге	18,4	24,7	28,3	33,9	51,3	58,0
Өнімнің нақты көлемінің индексі, өткен жылға %-бен	112,3	118,5	113,7	110,8	124,7	109,7
Жалпы республикадағы өнеркәсіп өндірісі көлеміндегі өнеркәсіп өнімдерінің үлесі, %-бен	1,0	1,2	1,2	1,2	1,3	1,1

Өнеркәсіпте және құрылыс индустриясында кеуек бетон, ағаш бұйымдарын, қаптама кірпішті шығаруда қазіргі заманғы технологияларды пайдаланатын жаңа кәсіпорындар құрылды, магний сутегі пайдаланылатын металл кесудің жаңа технологиясы жасалды, тиімді кірпіш өндірісі жобасын игеру ұсынылды.

2004 жылы өнеркәсіптің ЖӨӨ-дегі үлесі 5,7 %-ға жетті.

1-сурет

Астананың ЖӨӨ-дегі өнеркәсіп үлесінің өзгеру серпіні

(Қағаз мәтінінен қараңыз)

Өңдеу өнеркәсібі салаларында, атап айтқанда машина жасауда, басқа да металл емес минералдық өнімдер өндірісінде, металлургия өнеркәсібі мен дайын металл бұйымдары өндірісінде, тамақ өнімдері өндірісінде жоғары өсу қарқыны байқалды.

2005 жылы Астана қаласында өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2000 жылмен салыстырғанда 10,5 %-ға өсіп, 81,2 %-ды құрады.

Проблемалар:

өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі капиталына инвестициялар үлесінің төмен болуы және оның кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен ғана жүзеге асырылуы;

жабдықтардың табиғи және моральдық тозуының (орта есеппен 60-70 %) елеулі деңгейі, оларды жанартуға және жаңғыртуға көптеген кәсіпорындардың өз қаражатының жеткіліксіз болуы;

қаладағы өндірістік алаңдар құнының жоғары болуы;

қаржымен, ғылыми-технологиямен, кадрмен толықтырудың және кәсіпорындардың мүлктік, өндірістік және зияткерлік құқықтарын қорғаудың қолданыстағы тетіктерінің тиімділігінің жеткіліксіздігі;

кәсіпорындарда халықаралық сапа стандарттарын белсенді енгізудің жеткіліксіздігі.

1.3.2. Кәсіпкерлік

Шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөнінде жүргізілген саясат нәтижесінде соңғы жылдары сандық, сондай-ақ сапалық қатынастар тұрғысында маңызды өзгерістер болды.

Сонымен, 2005 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2000 жылмен салыстырғанда 2,5 еседен аса ұлғайды және 39,4 мыңды құрады.

2006 жылдың 1 қаңтарында өндірілген өнімнің, жұмыстың және қызметің көлемі 162,6 млрд. теңге болды, 2000 жылмен салыстырғанда 4 еседен аса ұлғайды.

Шағын бизнес саласында жұмыспен қамтылғандар саны 2000 жылмен салыстырғанда 2 есеге ұлғайды және 83,6 мың адамды құрады.

Қала бюджетіне 2005 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінен 16,2 млрд. теңге сомасында салықтар, алымдар және міндетті төлемдер түсті.

Шағын бизнес субъектілерінен түскен салықтардың үлес салмағы қала бюджетінің жалпы салық салмағында 6,9 % болды.

Шағын бизнеске кредит беруге екінші деңгейдегі банктердің белсенді қатысуы бойынша мақсатты бағытталған жұмыс оңды ілгерлеуде, банк кредиттеріне қол жеткізушілік арта түсті. 2005 жылдың қорытындылары бойынша шағын бизнес субъектілеріне 40 млрд. теңге сомасында кредит берілді, 2000 жылмен салыстырғанда кредит беру көлемі 3 есеге ұлғайды.

Проблемалар:

субъектілердің басым көпшілігінде жеткілікті қаржы ресурстарының болмауы; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қормен жарақтандырылу деңгейінің жеткіліксіздігі;

бизнесті құқықтық қамтамасыз ету саласында шағын бизнес үшін білікті кадрлардың тапшылығы.

1.3.3. Электр энергетикасы

2006 жылғы 1 қаңтарда Астана қаласының электр станцияларының белгіленген жиынтық қуаты 262 МВт құрады. 2000 - 2005 жылдар кезеңінде электр энергиясын өндіру 8,9 %-ға өсті және 2005 жылы 1450,223 кВт/сағ құрады. 2005 жылы электр энергиясын тұтыну 1361,1 млн. кВт/сағ. болды.

Қаладағы тұтыну көлемінің ұлғаюы негізінен құрылыс және көлік салаларында электр энергиясын қолданудың күрт өсуі есебінен болды.

Ортақ пайдаланудағы желілердегі шығындар 2000 жылмен салыстырғанда 41,2 %-ға ұлғайып, 419,4 млн. кВт/сағ. құрады.

Қуат жинақтаушы негізгі құралдардың ескіру деңгейі 2006 жылдың басында: ЖЭО-1 - 83 %, ЖЭО-2 - 71 %-ды құрады. Электр энергиясының қуаттылығын қолдану: ЖЭО-1 - 59,3 %, ЖЭО-2 - 66,8 %-ға жетті.

Электр энергиясын тұтынудың күрт өсуін жабу үшін сол жақ жағалауда бірқатар шағын станциялар салынды, ЖЭО-2, жылу желілері мен электр желілері объектілерін кеңейту және қайта жаңарту жүргізілуде, мұнда энергия қуаттарын 120 МВт-ға және

жылу қуатын 450 Гкал/сағ-қа арттыру көзделеді.

Проблемалар:

электр желілері елорданың болашақта құрылыс салынатын аймағы арқылы өтетінін ескере отырып, 60-70-жылдары салынған қалалық электр желілерінің техникалық жай-күйі қайта жаңартуды талап етеді;

110/10 кВт көптеген шағын станциялар А және ҚТ (ажыратушы және қысқа тұйықтағыштармен) трансформаторлар тізбегінде орындалған, бұл электрмен жабдықтаудың қазіргі заманғы сенімділік талаптарына сай келмейді және оларды қайта жаңартуды талап етеді;

ортақ пайдаланудағы электр желілерінде шығын әлі де көп, ол электр энергиясын тұтынудың жалпы көлемінің 24%-ын құрайды, бұл электр энергиясының коммерциялық шығындарымен, сондай-ақ қалалық электр желілерінің аса тозуымен байланысты.

1.3.4. Жылумен жабдықтау

Қала тұтынушыларын бумен және ыстық сумен жабдықтауды жылу электр орталықтары (ЖЭО-1, ЖЭО-2) мен қазандықтар қамтамасыз етеді. Сол жақ жағалаудағы көп қабатты тұрғын үй құрылысының аймағында ЖЭО-ның жылу желілерін төсеп үлгермеу мұнда жылумен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ететін қазандықтар салуға мәжбүр етеді.

2000 - 2005 жылдардағы жылу энергиясын тұтыну құрылымында коммуналдық-тұрмыстық және өндірістік қажеттіліктер үлесінің өскені және халықтың үлесінің азайғаны байқалды.

2006 жылғы 1 қаңтарда жылу желілерінің жалпы ұзындығы 372,5 км құрап, оның ішінде: магистральдық желілер - 100,4 км, орамдық желілер - 260,4 км, бу желілері - 11,7 км.

100,4 км магистральдық желінің 72 %-ының (72,3 км) пайдалану мерзімі 20 жылдан асқан және қайта жаңарту мен кеңейтуді талап етеді.

Жылумен жабдықтаудың проблемалары:

құбырлардың жарамдылық мерзімінің қолайсыз жергілікті жағдайлар: топырақтың нашарлығы, жерасты суларының жоғары деңгейі әсерінен нормативтік мерзіммен салыстырғанда қысқаруы;

соңғы жылдары жылу желілері кәсіпорындарының қаржы жағдайының қиын болуы нормативтік жөндеу аралық циклдарды сақтауға мүмкіндік бермеді. Жылу желілерін күрделі жөндеуді жүзеге асырудың нормативтік циклдарымен салыстырғанда жөндеуаралық циклдің ұлғаюы жылу трассаларының 100 км-ден астамын ауыстыру қажеттілігіне әкелді;

жылу желілерінің қазір бар жүйелерінде жылу энергиясының нормадан тыс шығынын азайту және жою мәселесі шешілмей отыр. Нақты жылу шығындары нормативтегіден екі еседен астам жоғары;

қазіргі ғимараттардағы жеке жылу пункттерінің және жылу жүйелерінің ішкі тарамдарының жай-күйі нашар, олар қайта жаңартуды және есепке алу мен реттеуші құрылғыларының кешенді жүйелерін енгізуді талап етеді.

1.4. Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

1.4.1. Қала құрылысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы N 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарына сәйкес елорда ортасын жасауға мүмкіндік беретін әкімшілік, іскерлік, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-білім беру және бизнес орталықтары қалыптастырылуда.

Қала аумағында қала құрылысын дамыту құрылымы анықталып, құрылыс жүргізілетін қаланың негізгі жоспарланған аудандарының БЖЖ (бөлшекті жоспарлаудың жоспары) әзірленді.

Шағын қабатты жеке құрылыс аудандары айқындалып, осы аудандарды көлік және инженерлік инфрақұрылымдармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2002-2005 жылдар кезеңінде тұрғын үй, сауда, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени мақсаттағы объектілерді салуға 4,6 мың жер учаскесі берілді. Пайдалануға жалпы алаңы 1137 мың шаршы метр 182 тұрғын үй және тұрғын үй кешендері, сауда, әлеуметтік-тұрмыстық және-мәдени мақсаттағы 682 объект тапсырылды. Осы кезеңде жеке тұрғын үйлерді салу үшін 3,2 мың жер учаскесі берілді, жалпы алаңы 587,5 мың шаршы метр 2,7 мың үй пайдалануға қабылданды.

Жаңа әкімшілік орталықтың қазіргі заманғы талаптарға сай инженерлік инфрақұрылымын жасауға баса мән берілуде. Осыған байланысты жауын-шашын кәрізін төсеу, инженерлік желілер және су құбырлары, жылумен жабдықтау желілері жүргізілуде, 110/10 киловольт төмендетуші жаңа станция салынды.

2000-2005 жылдар кезеңінде қаланың аумағындағы құрылысқа құйылған инвестициялар көлемі 45,7 млрд. теңгеге өсіп, 199,5 млрд. теңгеге жетті.

2000-2005 жылдары азаматтық-өнеркәсіптік құрылыстың үлесі 82,5%-дан 62,1%-ға дейін төмендегені байқалды. Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға байланысты тұрғын үй құрылысына инвестициялар 1,8 есеге (2004 жылы 54,3 млрд. теңгеден 2005 жылы 96,2 млрд. теңгеге дейін) өсті.

2000-2005 жылдары негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымында кәсіпорындар мен ұйымдардың және халықтың өз қаражаттары есебінен шетел инвестициялары үлесінің ұдайы 45,4 %-дан 61,0 %-ға дейін өскені байқалды, бұл бюджет қаражаты үлесінің 32-39 % деңгейінде қалуына мүмкіндік берді. 2001 - 2004 жылдары құрылысқа салынған инвестицияларды игеруде мемлекет үлесі 66,5-тен 40,3 %-ға дейін азайғанда жеке компаниялардың үлесі 33,1-ден 58,2 %-ға дейін өсті.

Құрылыс объектілеріне жұмсалатын шығыстарды мемлекеттік қаржыландыруды барынша азайту мақсатында "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 645 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, арнайы экономикалық аймақтың қолданылу мерзімі 2010 жылға дейін ұзартылды және оның шекарасы кеңейтілді.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қондырма (мансард) қабаттар салу мәселесі бойынша, келісім берген тұрғын үй меншік иелерінің санын (2/3) көрсету бөлігінде өзгерістер енгізу талап етіледі.

1.4.2. Тұрғын үй құрылысы

Қалада тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі 2000 - 2005 жылдары 6 есе, оның ішінде жеке құрылыс салушылар - 10,1 есе өсті. 2005 жылы тұрғын үй саласында Астана қаласының кәсіпорындары, ұйымдары мен халқы жалпы алаңы 857,1 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берді, бұл 2004 жылдың деңгейінен 2 есе артық. Жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың 5 жылдық кезеңде пайдалануға берген тұрғын үйдің негізгі көлемі 1662,4 мың шаршы метрді немесе жаңа тұрғын үйдің жалпы алаңының 83,7 %-ын, мемлекеттік меншік нысанының - 305,8 мың шаршы метрін немесе 15,4 %-ын құрады.

Тұрғын үйді пайдалануға берудің неғұрлым жоғары өсу қарқыны мемлекеттік емес, көбінесе тұрғындар салған секторда байқалды. 2000 - 2005 жылдары мемлекеттік емес сектордың тұрғын үй салу көлемі 17,6 есе, оның ішінде халықтың салғаны - 12,2 есе (2-суретті қараңыз) өсті. Мемлекеттік сектор бойынша 2005 жылға дейін тұрғын үйді пайдалануға беру көлемінің абсолютті түрде азайғаны байқалады, бұл көрсеткіш 2005 жылы 2000 жылмен салыстырғанда 1,6 есеге (99,8-ден 161,3-ке дейін) өсті.

Соңғы бес жылда халық 647,6 мың шаршы метр тұрғын үй салған. 2005 жылы барлығы 857,1 шаршы метр алаңды қамтитын 8,3 мың пәтерлік тұрғын үй пайдалануға берілді. 2000 жылмен салыстырғанда тұрғын үй құрылысына жұмсалған инвестициялар көлемі 9,3 есе өсіп, 96,2 млрд. теңгені құрады.

2-сурет

**Іске қосылған тұрғын үй көлемінің серпіні, жалпы алаңы, мың ш.м.
(Қағаз мәтінінен қараңыз)**

Пайдалануға берілетін тұрғын үй құрылымында меншік нысандары бойынша едәуір өзгерістер болды. Мысалы, 2000 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйдің 71,7 %-ы мемлекеттік меншік нысанында болса, 2005 жылы жеке тұрғын үй салушылар салған үйдің үлес салмағы 81,2 %-ды, мемлекеттік меншіктегі тұрғын үй - 18,8 % құрады.

Құрылыстың жоғары қарқынмен дамуына қарамастан, Астана қаласында тұрғын үймен қамтамасыз ету әлі де өткір сипатқа ие. 5 жылда тұрғын үй қоры 1,579 мың шаршы метрге өскенде, қала халқының тұрғын үймен қамтамасыз етілуінің бір адамға 19,2 шаршы метр деңгейіне қол жеткізілді.

2-кесте

Астана қаласы тұрғын үй қорының өзгеру серпіні

Жылдар	Тұрғын үй қоры, мың шаршы метр	Тұрғын үймен қамтамасыз етілуі 1 ад/м ²
2000	4768	15,7
2001	4905	14,7
2002	5182	15,4
2003	5821	18,1
2004	6347	19,2
2005	7204	21,0*

* күнілгері мәліметтер

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Тұрғын үй құрылысының проблемалары:
салынатын тұрғын үй құнының жоғары болуы, құрылыстың құны мен сапасының
с а й к е л м е у і ;

ипотекалық кредит берудің қатаң шарттары халықтың жинақтарын тұрғын үй
құрылысына толыққанды пайдалануға мүмкіндік бермей отыр;

Астана қаласында пайдалану мерзімі біткен, 50-60 жылдары салынған тұрғын үйдің
болуы.

1.4.3. Қаланы абаттандыру

Қаланы көгалдандыру бағдарламасы "Астана қаласын 2030 жылға дейін
көгалдандырудың кешенді схемасы" атты жобаға сәйкес әзірленді, онда экологиялық
қала жасауды, қоршаған ортаға кері әсерді азайту, қалаға қоныстану үдерісінің
табиғатпен үндестігін қамтамасыз ету және абаттандырылған қала ортасын
қалыптастыруды көздейтін, бір адамға шаққандағы жасыл желек аумағының нормасын
19 шаршы метрге жеткізу көзделген.

Өткен кезеңде ортақ пайдаланудағы жасыл желек алаңы ұлғайды, шағын аудандар
мен орамдар аумағын көгалдандыру жүргізілді, жаңа гүлзарлар, сондай-ақ сол жақ
жағалауда бульвар іске қосылды.

Бұған дейінгі жылдардағы көгалдандыру қорғау әрі сәндік-қорғау сипатында болып
, сәндік-эстетикалық сипат біршама төмен дәрежеде ескерілді, елорданың құлпырған
келбетіне үйлестіре түсу мақсатында оның сәндік-эстетикалық сипатын күшейту қажет.
Осыған байланысты сапалы материалды өсіру, сүрек-бұта тұқымдас ағаштардың
т ү р л е р і н к ө б е й т у қ а ж е т .

Проблемалар:

жасыл көшеттері бар рекреациялық аймақтар санының, қала шегіндегі жасыл
желекті шағын аймақтардың жетіспеушілігі;

автомагистральдар бойында жер бедеріне сай желектердің, жол маңындағы
дәмханалар мен қонақ үйлер, сондай-ақ қалаға келетін көлік құралдарын жуу және

1-көтергіш сорғы станцияларымен көтерілген су	м ы ң т . м . / жыл	50091	61481	61687	59280	59601	59700
Желігеберілен су	м ы ң т . м . / жыл	50091	61481	61687	59280	59601	59700
Газартылған су	м ы ң т . м . / жыл	39323	52683	49367	53031	52632	52732
Тұтынушыларға берілген су	м ы ң т . м . / жыл	30198	29308	29110	31325	34714	35700
оның ішінде:							
тұрғындар		15216	14233	14019	14867	16191	17141
бюджет		2105	1992	2219	2665	2932	2932
кәсіпорындар		7273	6909	6740	7348	8371	8371
(техникалық су)		5604	6174	6132	6444	6860	6860
Судың ысырап болуы және судың телмеген шығысы есеп	м ы ң т . м . / жыл	15666	29550	26389	22028	18926	18926
Желігеберілген барлық суға %-бен		31,3	48,1	42,8	37,2	31,2	31,7

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

2001 жылға дейін су Вячеслав су қоймасынан ұзындығы 51 км құрайтын сутартқыштың тозған екі тармағы арқылы берілді. 2001 жылы сутартқыштың бірінші тармағы (1967 жылы салынған) пайдаланудан шығарылды және жаңа сутартқыш пайдалануға берілді, бұл судың қажетті көлемін беруді жүзеге асыруға мүмкіндік б е р е д і .

2002 жылы Нұра жерасты суларының көздеріне барлау жүргізілді. Қор жөніндегі мемлекеттік комиссия су қорын тәулігіне 35 мың м³ көлемінде деп бекітті, ол елорданың тұтынуының тәуліктік нормасының 30 %-ын құрайды. 2004 жылы Есіл өзенінің алқабындағы Волгодон учаскесіндегі іздестіру - бағалау жұмысы аяқталды, мұнда тәулігіне 15 мың шаршы метр жиынтықты болжамды ресурстары бар перспективасыз су жиналатын жерлер табылды.

Вячеслав су қоймасынан су тазарту үшін сорғы-сүзу станциясына беріледі, ал оның технологиялық және энергетикалық жабдықтары ауыстыруды және жаңғыртуды талап е т е д і .

Халық санының өсуіне байланысты Астана қаласының ауыз суға қажеттілігі де өсе түсуде, бұл 2008 жылға дейін ауыз суды тазартуға арналған құрылыстардың жаңа

блогын салуды және жұмыс істеп тұрған су тазарту құрылыстарын қайта жаңартуды
т а л а п е т е д і .

"Астана су арнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 1 мың км-ге жуық су құбыры желілеріне қызмет көрсетеді, олардың басым бөліп ұзақ мерзім бойы пайдаланылған. Су шығыны 40 %-дан астам, шамамен 0,2 км су құбыры ауыстырылуға
т и і с .

Орталықтандырылған шаруашылық-қалдық су кәрізімен қамтылған жер беті-атмосфералық су ағынының жалпы қаладағы ауданы 12,8 мың га, қаланың бүкіл аумағына шаққанда жаңбыр суының орташа жылдық көлемі жылына - 8486,0 текше метрді, қар суының орташа жылдық көлемі жылына - 4227,0 текше метрді құрайды.

Қаланың тәулігіне 100 мың текше метрге дейінгі көлемдегі сарқынды суы механикалық және толық биологиялық тазарту кешені бар тазарту құрылыстарына және одан кейін сыйымдылығы 65,6 млн. текше метр "Талдыкөл" сарқынды сужинағышына жіберіледі. Тазарту құрылыстарының ұзақ мерзім бойы пайдаланылуына байланысты қайта жаңартуды талап етеді. Суды жинайтын, тазартатын және тарататын негізгі құралдардың тозу дәрежесі 29 %-ды құрайды.

Жобалық қуаты тәулігіне 135,9 мың текше метр қазір бар кәріздік құрылыстар 1969 жылы пайдалануға берілген. Құрылыс құрастырмалары, әсіресе "су-ауа" шекарасында тұрған ашық құрылыстар ұзақ мерзім бойы пайдаланылуына байланысты едәуір
з а қ ы м д а н ғ а н .

Сумен жабдықтаудың және су тартудың проблемалары:

Вячеслав су қоймасына балама сумен жабдықтаудың сенімді көздерінің жоқтығы;
қаланың өскелең қажеттіліктеріне су құбыры желілерінің ұзындығы мен
ж а й - к ү й і н і ң с а й к е л м е у і ;

Нұра-Есіл бас тоғанының және ұзындығы 9,5 км (D=1000 мм) сутартқышының аса
т о з у ы ;

ауыз судың сапасын жақсарту жөніндегі жаңа технологиялардың болмауы;
қаланың өскелең қажеттіліктеріне кәріздік желілердің ұзындығы мен өткізу
қ а б і л е т і н і ң с а й к е л м е у і ;

суды жинайтын, тазартатын және беретін объектілердің, кәріз желілерінің, сорғы станцияларының және тазарту құрылыстарының тозуы;

"Талдыкөл" сарқынды суларды булағыш-жинағышының техникалық талаптарға сай
к е л м е у і ;

сарқынды құрылыс жағдайында жерасты суларының жоғары деңгейі.

1.5. Көлік жүйесі

1.5.1. Қалалық жол-көлік жүйесі

Бүгінгі таңда қалада 642 жол мен ұзындығы 643,5 км ортақ пайдаланудағы көшелер
б а р .

К-1 айналмалы жүрдек магистралында екі деңгейлі жол айырықтары пайдалануға

б е р і л д і .

Қаланың коммуналдық қызмет орындары көше-жол желісін жақсарту үшін қаланың орталық бөлігі мен шетінде 14 павильонды ауыстырып, 9-ын жаңадан орнатты, бағдаршаммен жарақтандырды, күндізгі уақытта Астана қаласы шегінде көп жүк көтеретін және ірі габаритті көлік қозғалысына шектеу енгізді.

П р о б л е м а л а р :

қаланың негізгі магистральдарының көлікке шамадан тыс толуы;
аралас және қатар жатқан көшелерде, әсіресе, қаланың ескі бөлігінде көліктің
і р к і л у і н і ң ө с е т ү с у і ;

кешенді көлік схемасы сыныбына сай магистральдардың болмауы;
қаланы кесіп өтетін немесе транзиттік жолдардың болмауы;
көпжолалы көшелердің жетіспеуі;

жасанды жол құрылыстарының (көлік көбірек жиналатын орындарда көпірлердің, өтпезолдардың, көліктік жол айырықтарының, қоныстану аумақтарын өндірістік аймақпен темір жол тармағы арқылы байланыстыратын өтпезолдардың, жолаушылар күтетін қазіргі заманғы павильондардың) жетіспеуі;

автомобильдерді қоятын орындардың (жабық жерасты және жерүсті тұрақтарының, ашық тұрақтардың, аз уақытқа қоятын алаңқайлардың және т.б.) жетіспеуі.

1.5.2. Қаланың ішкі көлігі

Соңғы бес жыл бойы қалада жол-көлік желісінің дамуы жеткіліксіз болғанына карамастан автомобиль көлігінің өсу үрдісі сақталып отыр. Осы уақыт ішінде автомобиль көлігі 37,6 мыңнан (2000 жыл) 94,5 мың (2005 жыл) бірлікке дейін, яғни 2,5 есе өсті. Егер 2000 жылы Астана қаласының бір мың тұрғынына 118 автомобильден келген болса, қазір 172-тен келеді.

Астана қаласында қаланың барлық негізгі аудандары, оның ішінде шеткі және қалаға қосылған кенттер қалаішілік жолаушылар тасымалымен қамтылды. Тасымалдар 51 бағыт бойынша жұмыс істейді, бұл орайда қазіргі уақытта бұған 38 троллейбус, үлкен және орташа сыйымдылықтағы 819 автобус және сыйымдылығы орташа 37 шағын автобус тартылған.

Көліктің барлық түрлерімен жолаушылар тасымалдау айналымының көлемі коммерциялық тасымалдаумен айналысатын кәсіпкерлердің тасымалдау көлемін бағалауды ескергенде 2000 - 2005 жылдары 2,9 есе (2,0-дан 5,9 млрд. жолаушы - км) ө с т і .

Көліктің барлық түрімен жүк тасымалдау көлемі көліктік емес кәсіпорындардың және коммерциялық тасымалдаумен айналысатын кәсіпкерлердің тасымалдау көлемін бағалауды ескергенде 2000 - 2005 жылдары 1,8 есе (21 300-ден 37 900 мың тоннаға дейін) ө с т і .

П р о б л е м а л а р :

қазіргі бар автобус және троллейбус парктерінің, қоғамдық көлік инфрақұрылымы

объектілерінің әбден тозуы себебінен олардың техникалық қауіпсіздік, экологиялық, жайлылық тұрғысынан жеткіліксіз деңгейі;
қоғамдық көліктің жеткіліксіз дамуы;
пайдаланылып жүрген көлік түрлерінің қазіргі заманғы баламаларының болмауы.

1.5.3. Сыртқы көлік

Елорданың қолайлы экономикалық-географиялық орналасуын неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында тасымалдар көлемін айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік беретін халықаралық әуежайдың жаңа ғимараты пайдалануға берілді.

Автомобильмен тасымалдау қарқынды дамуда. Астана - Бауман, Астана - Запорожье, Астана - Петропавл, Астана - Омбы бағытындағы тұрақты жол қатынасы а ш ы л д ы .

Негізгі проблемалар :

көлік операторлары мен ілеспе қызметтер сервисінің жетіспеушілігі;
қызмет көрсетудің мультисервистік желісінің дамуының жеткіліксіз деңгейі;
сервис деңгейінің халықаралық талаптарға сәйкес келмеуі.

1.6. Инвестициялық ахуал

Елорданы дамытудың үдемелі қарқынына және инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін бюджет қаражатының жетіспеушілігіне байланысты қаржыландырудың балама көздерін, оның ішінде сыртқы қарыздарды тарту және/немесе жобалық облигацияларды шығару арқылы пайдалану қажеттілігі пісіп-жетілді.

Осыған байланысты Малайзияның Путраджайи қаласының әлеуметтік және инфрақұрылымдық объектілерінің құрылысы үшін қаржыландырудың балама көздерін тартудағы оң тәжірибесін қолдану пайдалы болып табылады.

Сол жақ жағалаудағы бірінші кезектегі объектілердің құрылысына инвестициялар тарту үшін "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы құрылды. Арнайы экономикалық аймақ шеңберінде шетелдік инвесторлардың негізгі капиталға қосқан салымдары 2000 жылғы 3,8 млрд. теңгеден 2005 жылы 6,8 млрд. теңгеге дейін өсті.

Тұтас алғанда, негізгі капиталға құйылған инвестициялар көлемі 2000 жылғы 59 млрд. теңгеден 2005 жылы 254,2 млрд. теңгеге дейін өсті. Қаланың инвестициялық саясатын іске асыруда құрылыс негізгі басымдық болып отыр. 2005 жылы құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 199,5 млрд. теңгені құрап, 2000 жылғы деңгейден 4,4 есе артты.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі бойынша Астана қаласы ел өңірлері көшбасшыларының үштігіне кіріп отыр. 2000 - 2005 жылдары инвестициялардың республика көлеміндегі елорданың үлесі 9,9 %-дан 11,5 %-ға дейін көтерілді.

Инвестициялық ахуалдың жақсаруы әлемнің 50 елінен өкілдік ететін жұмыс істеп жатқан шетелдік (408) және біріккен кәсіпорындар (ИЗ) санының ұлғаюына оң әсерін тигізді.

2000 - 2005 жылдары негізгі капиталға салынған инвестициялар 4,3 есе, оның ішінде кәсіпорындар мен ұйымдардың өз қаражаттары - 8,2 есе өсті.

2000 - 2005 жылдары негізгі капиталға құйылған салымдар көлеміндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың өз қаражаттарының үлесі салыстырмалы түрде 64,7 %-дан 58,4 %-ға азайды, ал бюджет қаражаты 28,7-ден 38,9 % -ға дейін артты.

4-кесте

2005 жылғы негізгі капиталға салынған инвестициялардың технологиялық құрылымы жиынына %-бен

	Қазақстан	Астана қаласы
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, барлығы	100,0	100,0
оның ішінде:		
құрылыс-монтаж жұмыстары	46,4	78,5
машиналар, жабдықтар, құрал, мүкәммал	36,1	15,2
басқа да жұмыстар мен шығындар	17,5	6,3

Бүгінгі таңдағы инвестициялық саясаттың түйінді проблемалары мыналар болып табылады:

инвестициялар құрылымын әртараптандыру деңгейінің жеткіліксіздігі;
өндіріс қуаттарының табиғи және моральдық аса тозуы;
экономиканың өнеркәсіп секторында инвестициялық белсенділіктің төмен болуы;
кәсіпкерлікті, оның ішінде инновациялық кәсіпкерлікті қаржылық қолдаудың тиімді схемаларының болмауы.

1.7. Туризм

Туризмді дамытудың мақсаты Астана қаласының тартымды туристік бет-бейнесін, елорданың бәсекеге қабілетті туристік-рекреациялық саласын қалыптастыру болып табылады.

2001 жылдан 2005 жылдар кезеңінде Астана қаласына келу туризмінің көрсеткіштері 14,1-ден 31,9 мың адамға дейін, шығу туризмі - 6,9-дан 31,8 мың адамға дейін, ішкі туризм - 71,2-ден 187,7 мың адамға өсті. Туристік фирмалардың саны 2000 - 2005 жылдар бойы - 7-ден 54-ке дейін ұлғайды. Сонымен бірге басқа өңірлерден туристік фирмалардың 9 филиалы мен өкілдігі жұмыс істейді.

Ұсынылған жұмыстар мен туристік қызметтердің көлемі 2000 жылы 1,9 млрд. теңгеден 2005 жылы 4,5 млрд. теңгеге ұлғайды. 2005 жылы туристік ұйымдардың қызметінен алынған кірістер 1,7 млрд. теңгені құрады.

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" атты мемлекеттік бағдарламаның қолданыстағы кезеңінде қонақүйлер саны 28-ден 63-ке дейін ұлғайды. Олардың 80 %-

дан астамын қосымша демалыс орындары мен сервис және тамақтандыру объектілері (мейрамханалар, дәмханалар) қамтиды. Астананың қонақүй кешенінің бір мезгілде 2,5 мың адамға дейін қабылдауға мүмкіндігі бар.

Астана қаласында бос уақыт өткізетін, демалатын және туристер баратын объектілердің желісі кеңейде.

Проблемалар:

кинотеатрлар (500 мың тұрғын адамға небары 2), ойын-сауық объектілерінің саны жеткіліксіз, шетел туристерін тартуға мүмкіндік беретін этноорталық жоқ;

тұрақты, сондай-ақ чартерлік шетелдік авиарейстер санының аздығы. Туризмді дамытуды көлік шығындарының жоғары болуы шектейді. Туристік қызмет үшін мамандандырылған автокөлік кәсіпорындары жоқ;

электрондық броньдау және сапарларды жоспарлау жүйесі жасалмаған; туристік өнім ретінде Астананың бейнелік мәні кешенді түрде ұсыну жүзеге асырылмады;

келуші және ішкі туризм қала экономикасы үшін маңызды мәнгер ие индустрия ретінде қалыптаспаған;

кадр және материалдық-техникалық ресурстары жоқ шағын туристік фирмалардың басымдығы туризм саласындағы инвестициялық салымдарды дамытуға ықпал етпейді;

туристік қызметтің экономикалық тиімділігін кешенді объективті түрде есепке алу жоқ.

1.8. Сауда

2000 - 2005 жылдардағы кезеңде бөлшек сауда айналымының көлемі өсімнің тұрақты үрдісін көрсетті. Өткізудің барлық арналары бойынша бұл көрсеткіш осы кезең ішінде 29,1-ден 77,0 млрд. теңгеге дейін артты. Бұл ретте сауданың мемлекеттік емес секторында 81 % өсім (28,900-дан 69,100 млн. теңгеге дейін) және мемлекеттік секторда 36,1 %-ға кему (155,0-ден 130,4 млн. теңгеге дейін) байқалды.

Қаланың ресми тіркелген және сауда жасайтын кәсіпорындары мен ұйымдарының бөлшек тауар айналымының көлемі де 3,6 есе (12,5-тен 45,3 млрд. теңгеге дейін), ал зат базарларының, аралас және азық-түлік базарларының бөлшек тауар айналымы - 2 есе (16,5-тен 31,8 млрд. теңгеге дейін) артты.

2005 жылы көтерме сауда желісі арқылы сомасы 385,8 млрд. теңге тұтыну тауарлары мен өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер өткізілді.

2006 жылдың 1 қаңтарына қарай бөлшек және көтерме саудадағы тауар қорының көлемі 6,9 млрд. теңгеге жетті, оның 76,3 %-ы көтерме саудада шоғырланған.

Көрсетілген қызметтің жалпы көлемі 2005 жылы 3,5 млрд. теңгеге дейін өсті, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары 3,0 млрд. теңге сомаға қызмет көрсетті.

Қалада 19 базар жұмыс істейді. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен әкелінетін жеміс-жидектерді өткізетін көтерме базарлардың желісі құрылды. Өнімнің осы түрлерін көкөніс шатырларын орнату және маусымдық жәрмеңкелер өткізу арқылы

сататын бөлшек сауда ұйымдастырылды.

Проблемалар:

қала және қала маңындағы кәсіпорындарда өндірілетін дайын тамақ өнімдері түрлерінің халықтың сұранымына сай келмеуі; дамыған инфрақұрылымы бар қазіргі заманғы сауда орталықтарының жеткілікті санының болмауы.

1.9. Бюджет саласы

2000 - 2005 жылдары қалалық бюджеттің кіріс бөлігі 21 млрд. теңгеден 38,3 млрд. теңгеге дейін (1,8 есеге) өсті. Қаланың ЖӨӨ-дегі бюджет кірістерінің үлес салмағының ұдайы төмендеу үрдісі байқалады.

3-сурет

Астана қаласы бюджетінің кірістері мен шығыстары,

ЖӨӨ-ге %

(Қағаз мәтінінен қараңыз)

Бұл ретте бюджет кірістері құрылымының өзгерістерін талдау 2000 жылы кірістердің негізгі бөлігі (74% немесе 15,6 млрд. теңге) корпорациялық табыс салығының және қосылған құн салығының есебінен түзілгенін көрсетсе, ал 2005 жылы 68,0% (26,1 млрд. теңге) - жеке салықтар және әлеуметтік салықтар есебінен түзілгенін көрсетеді.

2000 - 2005 жылы қала бюджетінің шығыс бөлігі 23,5-тен 82,5 млрд. теңгеге дейін (3,5 есе) өсті бұл инфрақұрылымды дамыту жобаларын бюджеттен қаржыландырумен байланысты.

5-кесте

		Сомасы (млрд. теңге)		Үлесі (%)	
		2000 ж.	2005 ж.	2000 ж.	2005 ж.
1	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4,2	32,3	18	39,2
2	Мәдениет, туризм және спорт	0,9	5,8	3,8	7
3	Білім беру	1,7	9,3	7,4	11,3
4	Денсаулық сақтау	1,6	7,5	6,6	9,1
5	Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек	0,7	2,9	2,8	3,5

2000 - 2005 жылдары бюджеттің экономикаға және өндірістік инфрақұрылымға жұмсалған шығыстары 0,6-дан 16,6 млрд. теңгеге дейін немесе 27,7 есе өсті.

6-кесте

--	--	--	--	--	--	--	--

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.
Экономика және инфрақұрылым, млрд.тг	0,6	1,1	3,8	7,9	14,6	16,6
оның ішінде жалпы көлемге %-бен						
отын-энергетика кешені	0,0	0,0	0,0	8,5	39,2	37,2
ауыл шаруашылығы	7,5	5,5	24,5	16,0	1,2	1,0
құрылыс	0,1	1,3	2,9	3,9	2,1	3,1
көлік	92,4	93,2	72,5	71,6	57,5	58,7

Экономикаға және өндірістік инфрақұрылымға жұмсалған шығыстардың құрылымында қала аумағының жылдам кеңеюіне және жол құрылысына салынатын ірі инвестицияларға байланысты көлікке жұмсалатын шығыстардың үлесі жоғары деңгейде қалуда.

2003 жылдан бастап отын-энергетика кешені бюджет шығыстарының маңызды бабына айналды. 2005 жылы бұған экономикаға және инфрақұрылымға жұмсалған барлық шығыстардың 37,2 %-ы келді.

Астана қаласы бюджетінде 2005 жылы республикалық бюджеттен алынған ресми трансферттердің жалпы түсімдеріндегі үлес салмағы 50,5 % (39,2 млрд. теңге) құрады.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Астана қаласы әкімдігінің борыштық міндеттемелерінің сомасы 8,767 млрд. теңгені құрады.

Проблемалар:

инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған республикалық бюджеттің нысаналы трансферттерін басқарудағы және пайдаланудағы көп сатылық; жыл сайын қала бюджетіне республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер жоспарланғанына қарамастан, республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюдың жыл сайын бағытталуы;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын даму бағдарламалары үшін бюджеттің жалпы көлемінің 10 %-дан аспайтын мөлшерде белгіленген шектеуі.

1.10. Қоршаған ортаны қорғау

Автомобиль көлігі мен энергетика кәсіпорындары Астана қаласының атмосфералық ауасын ластайтын негізгі көздер болып табылады. Қазіргі уақытта автомобильдердің саны 2000 жылмен салыстырғанда 2,5 есе өсті және 94,5 мыңды құрады. Қалада шағын қазандықтар саны көбеюде, олар 250-ге жуық.

Қазіргі уақытта Есіл өзенінің қала аумағындағы ластану деңгейінің жоғары болуы байқалады.

Ақбұлақ және Сарыбұлақ сияқты екі саласы бар Есіл өзені Астана қаласының ең басты су арнасы болып табылады. Сарыбұлақ саласы жайылма сулардың ғана емес, Есіл өзеніне құйылатын сарқынды сулардың да қашыртқысы қызметін атқаратын

техногендік су арнасы болып отыр.

Елорда халқының жылдам өсуімен және экономикасының дамуымен арта түсіп отырған өндірістің және тұтыну қалдықтарының мөлшері қаланың қоршаған ортасына кері техногендік ауыртпалық түсіріп отыр.

Экологиялық қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуде негізгі проблемалар:

бақылау жүйесінің атмосфералық ауаның жай-күйінің нормативтер талабына саны бойынша да, сапасы бойынша да сай келмеуі;

ластану деңгейін төмендету мақсатында жедел шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін ақпаратты жинақтайтын және талдайтын біртұтас орталық жоқ;

"Талдыкөл" сарқынды суларды булағыш-жинағышын жоюдың және қайта өңдеудің қажеттігі;

жауын-шашын кәрізі жүйесінің санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сай келмеуі;

күл үйіндісін қайта өңдеу және жаңаларын салу қажеттілігі. Күл-қожды кәдеге жарату мен оларды өңдеу жұмыстары деңгейінің жеткіліксіздігі;

тұрмыстық қатты қалдықтар және өндірістік қалдықтардың рұқсат берілген қоймасының атмосфералық ауаға теріс әсері;

қауіпті қалдықтарды көметін арнайы салынған полигонның болмауы.

2. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаттары халықтың өмір сүру сапасын біртіндеп арттыру, әлемдік стандарттарға сай келетін және халықтың өсуіне және қала экономикасына барабар тыныс-тіршілік инфрақұрылымын қалыптастыру, қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету, ел экономикасында елорданың ықпалдастыру рөлін күшейту болып табылады.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуында мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

I кезең (2006-2008 жылдар):

бала тууды көтермелеу, денсаулықты бекемдеу және өмір сүрудің болжамды ұзақтығын ұлғайту;

балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеу, сондай-ақ халықтың неғұрлым осал және қорғалмаған жіктеріне атаулы және әлеуметтік көмектің басқа түрлерін көрсету;

мемлекет және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын денсаулық сақтауды дамытудың басым бағыттарын іске асыру;

сапалы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін медициналық кластер құру

;

әлемдік деңгейдегі білікті кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін ғылым-білім кластерін құру;

білім беру мекемелерінің теңгерімді желісін құру және сапалы да үздіксіз білім беру жүйесін қалыптастыру;

халықтың рухани әлеуетін нығайту және зияткерлік деңгейін арттыру; халықты жұмыспен қамтуды және қала экономикасына туризмді дамытудан кіріс түсуін қамтамасыз ететін туристік кластерді құру;

қаланың экономикасын, әлеуметтік, өндірістік, тұрғын үй және көлік инфрақұрылымын дамыту үшін қаржы ресурстарын тарту мақсатында қолайлы инвестициялық ахуал жасау;

ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық экспортқа бағдарланған өндірістер құруды қамтамасыз ететін өнеркәсіптік кластерін құру;

құрылыс жұмыстарының сапасын арттыру және құнын азайту үшін күрделі шығындарды азайтуды және қазіргі заманғы құрылыс материалдарын пайдалануды ынталандыруды қамтамасыз ететін құрылыс кластерін құру;

қала халқы санының өсуіне және экономикасының даму қарқынына сәйкес қаланың тыныс-тіршілік инфрақұрылымының жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру;

тұрғын үй иелерінің тұрғын үй ғимараттарын тиісінше күтіп-ұстау жөніндегі міндеттерін орындауына мемлекеттік бақылауды күшейту;

қаланың көркемдік мәнерлілігімен, тарихи-мәдени және ұлттық өзгешелігімен ерекшеленетін сәулеттік келбетін қалыптастыру;

қаланы сумен жабдықтаудың және су тартудың сенімділігін арттыру және халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;

қала ішіндегі жолаушылар және жүк тасымалына деген өскелең қажеттілікті қамтамасыз ететін көлік инфрақұрылымын дамыту;

телекоммуникация мен почта байланысы қызметтерін дамыту; мемлекет белгілеген сапа кепілдігі жағдайында астана тұрғындарының алуан түрлі тауарлар мен қызметтерге сұранысын қанағаттандыру, сауда және тұрмыстық қызмет көрсету мәдениетін арттыру;

бюджетті перспективалы жоспарлау және оның атқарылуының тиімділігін арттыру;

қалалық бюджеттің кіріс бөлігін барынша ұлғайту;

II кезең (2009 - 2010 жылдар):

бәсекеге қабілетті еңбек нарығын құру, білім берудің, медициналық қызметтердің, мәдениеттің және басқаларының стандарттарын арттыру арқылы қала халқының өмір сүру сапасын арттыру;

өзекті әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін қаланы басқарудың талдамалық-ақпараттық қамтамасыз етілуін жақсарту жолымен оның тиімділігін арттыру;

тұрғын үй құрылысын жедел дамыту және тұрғын үй нарығының тиімді тетіктерін

қолдану арқылы тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ету;
тиімді көлік инфрақұрылымын құру, көлік ағынын оңтайландыру, жүрдек қоғамдық
көліктің балама түрлерін енгізу;
қала кәсіпорындары өндіретін өнімді өткізу нарығын кеңейту;
жоғары технологияларды тарта отырып, қаланы басқарудың озық тәжірибесін
п а й д а л а н у ;
Қазақстан Республикасының елордасы - Астананың жағымды бейнесін жасау және
к ө р с е т е б і л у ;
қаланың тыныс-тіршілік үшін қолайлы қоршаған ортасын тұрақты дамытуды
қамтамасыз ету.

3. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

3.1. Әлеуметтік саланы дамыту

3.1.1. Демографиялық даму

Астана қаласын демографиялық дамытудың басым бағыттары:
халықтың өмір сүру деңгейін, ұсынылатын қызметтердің сапасын, еңбек жағдайын
және халықтың денсаулығын біртіндеп жақсарту есебінен халықтың өсуі үрдісін сақтау
;

мезгілсіз болатын өлімді азайту, жарақат алудың және уланудың алдын алу, темекі
тартуға, маскүнемдікке және нашақорлыққа қарсы күрес;

болашақта халық санының өсуі үшін халықтың барабар жастық-жыныстық
құрылымын қалыптастыруға жастар мен еңбекке жарамды адамдарды белсенді тарту;

салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі білім беру жүйесін құру;

бірнеше бала туу, оларды тәрбиелеу және асырау үшін қолайлы
әлеуметтік-экономикалық жағдай жасау;

отбасының тәрбиелік әлеуетін көтеру, жетім балаларды, оның ішінде мүгедек
балаларды отбасыларына орналастырудың қолжетімді нысанын дамыту;

мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық
қолдауды дамыту жөніндегі қызметтерді жетілдіру болады.

Алға қойған міндеттерді шешу жөніндегі негізгі іс-шаралар мыналар болып
т а б ы л а д ы :

БАҚ-та салауатты өмір салтын, дене шынықтыру мен спортты белсенді насихаттау;
еңбек жағдайын тексеру, бағалау және бақылау институтын қалыптастыру, жұмыс
берушілердің жауапкершілігін арттыру;

қан айналымы жүйесінің ауруларын, қатерлі ісіктер мен жұқпалы ауруларды
барабар емдеу үшін амбулатория-емхана мекемелерінде ертерек анықтау және
д и с п а н с е р л е у ;

жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыру, кәсіпорындар мен ұйымдарда

элеуметтік жағдайлар пакетін жасау;
еңбек мигранттарын тарту, оларды құқықтық қамтамасыз ету, оралмандардың тұрмысын жақсарту саласындағы заңнаманы жетілдіру. Z970204

3.1.2. Халықтың тұрмыс деңгейі

Халықтың өмір сүру деңгейін көтерудің басым бағыттары:
қаланың элеуметтік-экономикалық даму деңгейіне халықтың нақты-ақшалай кірістерінің өсуі мен жалақы деңгейінің барабар сай болуы;
халықтың өмір сүру сапасын арттыру (жоғары білімі бар халық үлесінің және жастардың жалпы санының ішіндегі студенттердің үлес салмағының өсуі; экономикалық белсенді халықтың ішінде жұмыссыздар деңгейін төмендету, қылмыстарды және т.б. азайту);
халықтың тұрғын үймен, тұрғын-үй-коммуналдық және элеуметтік қызметтермен (оның ішінде, тұрғын үй алаңы, телефон байланысы, білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау ұйымдары және т.б.) қамтамасыз ету болады.

Жұмыспен қамту саласындағы саясаттың негізгі бағыттары:
жаңа жұмыс орындарын ашу және қазіргі жұмыс орындарын сақтауды көздейтін инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;
ірі кәсіпорындарда кадрларды даярлау және қайта даярлаудың өндіріс ішіндегі жүйесін қалпына келтіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру;
жұмыс берушілермен тұрақты байланысы бар және қайта даярлау курстарынан өткен жұмыссыздарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін оқу орындарының желісін қалыптастыру;
ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жүйесін дамыту және жетілдіру;
халықтың нысаналы топтарына кіретін адамдар үшін элеуметтік жұмыс орындарын құру жөніндегі жұмысты жетілдіру;
еңбек нарығында талап етілетін білікті мамандардың болуын, жаңа жұмыс орындарын құру перспективаларын және жергілікті кадрлардың кәсіби өсуін қамтамасыз етуді негізге ала отырып, шетелдік жұмыс күшін пайдаланудың орындылығын айқындау жолымен ішкі еңбек нарығын қорғауды жүзеге асыру болып табылады.

Жоғарыда аталған бағыттардың шеңберінде 2006 - 2010 жылдар кезеңінде мынадай іс-шараларды іске асыру қажет:

Астана қаласының басым бағыттары мен қызмет салалары үшін кәсіби-білікті кадрларды даярлауға және қайта даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс беру жүйесінің мониторингін жүргізу;
өндірістік жарақат алуды азайту жөніндегі алдын алу шараларын қаржыландыру туралы ережені әзірлеу және қабылдау;
Элеуметтік менеджмент пен қызмет көрсету орталығын ұйымдастыру.

3.1.3. Элеуметтік қамсыздандыру

Әлеуметтік қамсыздандырудағы басым бағыттар:

халықтың әлеуметтік осал жіктерінің жағдайының нашарлауын болдырмайтын шаралар қабылдау, жалғыздікті қарт азаматтардың проблемаларын шешу; тұрмысы төмен отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсету; мүгедектердің әлеуметтік қызметтердің қол жетімділігін қамтамасыз етуге және тұратын жерлеріне жақын орналастыруға, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету, оңалту мекемелері мен мүгедектерді жұмысқа орналастыру желілерін дамытуға бағытталған шараларды әзірлеу мен іске асыру; уақтылы әлеуметтік көмек және қажетті қызмет көрсету саласындағы проблемаларды толық көлемде анықтауға мүмкіндік беретін, өңірдегі кедейліктің кешенді мониторингін жүргізуге бағытталған шараларды әзірлеу мен іске асыру; кедейлік шегінен төмен деңгейде өмір сүріп жатқан адамдар санын азайту; мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдауды дамыту жөніндегі қызметті жетілдіру; жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына, оның ішінде мүгедектерге, Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, тыл еңбеккерлеріне, мүмкіндігі шектеулі балаларға, жетім балаларға, жалғыздікті қарт азаматтарға, көп балалы аналарға және т.б. көрсетілетін әлеуметтік төлемдерді және әлеуметтік көмек түрлерін жүйелеу бөлігінде іс-шараларды әзірлеу, іске асыру қызметін жетілдіру;

әлеуметтік қызметкерлердің ролін арттыру, олардың еңбегін ынталандыру болады.

Осыған байланысты, әлеуметтік қамсыздандыру жөнінде мынадай іс-шаралар кешенін орындау қажет:

тұрмысы төмен мүгедектер мен зейнеткерлерді қолдау үшін жалпы қалалық іс-шаралар өткізуге азаматтарды, мемлекеттік, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарды тарту;

тұл жетімдердің, бала кезінен мүгедектердің және кеп балалы отбасылар мен жетімдер үйі балаларының арасынан қаланың жалпы білім беретін мектептерінің түлектерін жоғарғы оқу орындарында оқыту үшін әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

3.1.4. Білім беру

Ескерту. 3.1.4-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.26 № 919 Жарлығымен.

Білім беру жүйесінің басым бағыттары: жалпы білім берудің сапасын арттыру; мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласында білім беру қызметтеріне сұранысты қанағаттандыру болады.

Жоғарыда аталған бағыттар шегінде мынадай іс-шараларды іске асырылатын болады:

БАҚ мүмкіндіктерін кеңейту және барлық нысаналы топтарды ақпараттық қамту мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет:
мемлекеттік тапсырысты өңірлік және республикалық БАҚ-тарда орналастыруды қамтамасыз ету;

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының көкейтесті бағыттарын жария етуге БАҚ-тар арасында конкурстар өткізу;
баспасөз конференциялары, брифингтер, баспасөз турлары, телекөпірлер және БАҚ өкілдерімен өзара ашық іс-қимылдың өзге де нысандары;
қаланың көкейтесті проблемаларын талқылау және пікірталастар өткізу үшін алаң ұйымдастыру мақсатында елорда ақпараты клубын құру;
мемлекеттік басқарудың ашықтығына қол жеткізу мақсатында жергілікті мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың жекелеген веб-сайттарына шығатын Астана әкімдігінің бірыңғай веб-порталы аясында көзделген электрондық ақпараттық инфрақұрылым құру. Ол үшін қала бюджеті, қаланы дамыту бағдарламалары, мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсыну тәртібі туралы жергілікті органдар қабылдаған нормативтік құқықтық актілер туралы жан-жақты ақпаратты орналастыру қажет.

Имидж саясатында басым бағыттар мыналар болады:
елдің саяси, экономикалық және мәдени орталығы ретінде Астана қаласының оң келбетін қалыптастыру;

Астана - қазақстандық қоғамды топтастыратын түпқазық;
Астана - еуразиялық кеңістікте және әлемде Қазақстанның ықпалдасу бастамаларын іске асыратын орын.

Айқындалған басымдықтарға қол жеткізу үшін мынадай іс-шаралары іске асырылады:

Қазақстанның жасампаз дамуының бейнелік мәні ретінде елорданың экономикалық өсуі туралы халықты хабардар ету;

қазақ, орыс, ағылшын және басқа да шет тілдерінде веб-сайттар құру;
талдама және сараптама материалдары түріндегі отандық және шетелдік БАҚ-та жарияланымдар;

инвестициялық ахуал сипаттамасын, табысты инвестициялық жобалардың, капитал салымдарына перспективалы салалар үшін табысты инвестициялық жобалардың үлгілерін, инвестицияларға мұқтаж нақты жобаларды қамтитын Астананың инвестициялық жолсілтегіші;

имидж жүктемесін көтеретін кең ауқымды мәдени, спорт, іскерлік және өзге де іс-шаралар өткізу;

имидж өнімін жасауға және таратуға көмек көрсету.

3.2. Индустриялық-инновациялық саясат және энергетикалық кешенді дамыту

3.2.1. Өнеркәсіп

Ескерту. 3.2.1-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.26 № 919 Жарлығымен.

Астана қаласының индустриялық-инновациялық саласын дамыту жөніндегі негізгі бағыттар:

қазіргі бар өндірістік қуаттарды жаңғыртуға және қайта жаңартуға әрі кәсіпорындардың өнім сапасын басқарудың және оны сертификаттаудың халықаралық стандарттарына өтуін ынталандыру;

ресурсты үнемдеуші, экологиялық таза жоғары технологияларды пайдаланатын бәсекеге қабілетті өндірістерді қолдау мақсатында өңіраралық және халықаралық байланыстарды дамыту;

жоғары және арнайы орта оқу орындарының базасында өнеркәсіп үшін жоғары білікті кадрларды оқыту әрі қайта даярлау жүйесін дамытуға ықпал ету; тігінен кіріккен құрылымдар: ғылым-білім және ғылым-өндіріс кешендерін құру.

Жоғарыда аталған бағыттар аясында мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет: жаңа құрылыс технологияларына, оның ішінде энергия ресурс сақтаушы, экологиялық таза технологияларға көшу және жоғары сапалы тауарларды өндіру номенклатурасын кеңейту;

дәстүрлі құрылыс өнімдерін шығаратын өндірісті басқа өңірлерге өнімдер жеткізуге қайта бағдарлау;

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мен тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын сериясы ИСО халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес келетін сапа менеджментінің халықаралық жүйелеріне жеделдете көшіру үшін жағдай мен алғышарттар жасау;

ЖЭО-2 ауданында (шығыс өнеркәсіптік аудан) дамыған инженерлік инфрақұрылымы бар жаңа өнеркәсіптік аймақ құру мен дамыту; жаңа инновациялық өндірістер құру.

3.2.2. Кәсіпкерлікті дамыту

Ескерту. 3.2.2-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.26 № 919 Жарлығымен.

Кәсіпкерлікті одан әрі тиімді дамыту үшін негізгі бағыттар: шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін барынша ашық заңнамалық негіз құру; кәсіпкерліктің инновациялық экономикаға қатысуы; шағын кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру; билік пен бизнестің өзара іс-қимылының жаңа идеологиясын қалыптастыру арқылы елорда экономикасындағы оның үлесін арттыру болады.

Бұл бағыттардың аясында мынадай іс-шаралар орындалатын болады:

мәжбүрлі демеушілік тәжірибесін жою; бизнес-қоғамдастықтың өзін-өзі ұйымдастыруына жәрдемдесу; экономиканың әлеуметтік маңызды салаларында бизнесті жүргізу үшін қолайлы

жағдайлар

жасау;

кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту;
шағын өнеркәсіп кәсіпорындарын кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында кәсіптік техникалық білім беру жүйесін дамыту.

3.2.3. Электр энергетикасы

Ескерту. 3.2.3-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.26 № 919 Жарлығымен.

Электр желілерінде және қалалық жарықтандыру жүйесінде электр энергиясының ысырабын азайтудың негізгі бағыттары:

қаланың сол жақ және оң жақ жағалауы бөліктеріндегі жаңа құрылыстарды электрмен жабдықтау жүйесін дамыту;

қаланың оң жақ жағалау бөлігіндегі тұтынушыларды электрмен сенімді жабдықтау үшін жұмыс істеп тұрған желілерді дамыту болады.

Жоғарыда аталған бағыттар аясында мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

жұмыс істеп тұрған электр желілерін қайта жаңарту;

ысырап аз болатын электр күші бар жаңа жабдықтарды пайдалану;

энергия тұтыну режимдерін оңтайландыру мақсатында тарату желілерінде техникалық ысыраптың деңгейін төмендету;

электр станцияларында, шағын станцияларда электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) енгізу;

электр энергиясын тұтынуды бақылау үшін электр энергиясының тұтынушылары (заңды және жеке тұлғалар) бойынша автоматтандырылған дерекқорлар құру;

геоақпараттық технологиялардың базасында электр энергиясының теңгерімін есепке алу мен талдаудың біріктірілген жүйесін әзірлеу мен енгізу;

Астана қаласында балама көздерден (жылу сорғылары, жел энергетикасы) энергиямен және жылумен жабдықтау жөніндегі жаңа және озық техникалық шешімдерді енгізу үшін полигон (шағын аудан үлгісінде) құру;

мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерінің негізінде ірі электр энергетикасы объектілерін салу мәселесін пысықтау;

электр энергиясының шығындарын барынша азайту мақсатында ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу.

3.2.4. Жылумен жабдықтау

Ескерту. 3.2.4-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.26 № 919 Жарлығымен.

Астана қаласында көп қабатты ғимараттарды салу үрдісі, қаланың жылу энергиясы мен электр энергиясына деген қажеттілігі артуының болжамды өсуі орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың қалыптасқан жүйелерін (ОЖЖ) ЖЭО базасында электр және жылу энергиясын құрамдас өндіруді одан әрі дамытудың объективті алғышарттарын жасайды.

Осыған байланысты Астана қаласының жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыты ЖЭО базасында электр және жылу энергиясын құрамдас өндіретін орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесін (ЖЖЖ) сақтау және дамыту болып т а б ы л а д ы .

Қаланың жылумен жабдықтау саласындағы міндеттерді шешу мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесін және жылу желілерін сақтау және одан әрі дамыту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

қаланың сол жақ жағалаудағы бөлігінде жылу магистральдарын салу және қаланың оң жақ жағалаудағы бөлігіндегі жылу магистральдарын қайта жаңарту жобаларын іске а с ы р у ;

жылу энергиясының шығындарын барынша азайту мақсатында ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу.

3.3. Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту

3.3.1. Қала құрылысы

Қала құрылысында басым бағыттар:

қала құрылысының қазіргі заманғы теорияға сай бағдарлануы, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің дамуына қолдау жасау, қала құрылысы қызметінің ақпараттық-статистикалық базасын кеңейту;

мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, демалыс және ойын-сауық объектілерінің желілерін қалыптастыру;

қаланың перспективалы көлік жүйесі мен инженерлік инфрақұрылымын қ а л ы п т а с т ы р у ;

қаланың салынып жатқан аумағында қазіргі заман стандарттарына және адамдардың қауіпсіз жайлы, өмір сүру талаптарына сай қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін, қала салуға және қаланы реттеуге арналған құжаттарды әзірлеу;

қаланың сәулет, турист, құрылыс қызметтері, инвестициялық және кәсіпкерлік қызметтер үшін тартымдылығын қамтамасыз ету;

қаланың және қала маңы аймағының экологиялық жүйесінің тұрақты дамуы үшін жағдай жасау, қаланың ықпал аймағына енетін аумақты кешенді көгалдандыру мен а б а т т а н д ы р у ғ а к ө ш у ;

халықтың қалың жігі үшін бағасы қолжетімді тұрғын үй салу;

қала шегінде жеке құрылыс салу үшін учаскелер бөлу процесін бақылауды күшейту ;

қаланың тарихи даму барысында, сондай-ақ қазіргі заман талабына сай қала құрылысы жоспарларының іске асырылуы нәтижесінде қалыптасқан Астана қаласының жоспарлы құрылымының даралығы мен өзіндік ерекшелігін қолдау және дамыту;

бос аумақтарға құрылыс салуды жаппай кеңейтуден қаланы кешенді қайта жаңарту стратегиясына, оның ішінде 50-80 жылдары салынған 3-5 қабатты тұрғын үйлерді

жаңғыртуға және олардың пайдаланылу мерзімін ұзартуға көшу;
осы салада қызмет етіп жатқан барлық субъектілердің құқықтық қатынастарын тәртіпке келтіріп, заңнамалық және әдістемелік базаны дамытып, қала жерлерінің қала құрылысы кадастрын жасап, құқықтық аймақтандыру ережелері мен жоспарлары негізінде қалалық жер пайдаланудың кешенді реформасын жүргізу болады.
Жоғарыда аталған бағыттар аясында мынадай іс-шараларды жүргізу жоспарланады:

қаланы бір-бірінен саябақтармен және гүлбақтармен бөлінетін биік қабатты ғимараттардың, орташа қабатты және коттедж үлгісіндегі ғимараттардың құрылысы алмасып отыратын тығыздықтағы бірнеше аймаққа бөлу. Бұл қаланың орталық бөлігіне түсетін өскелең антропогендік жүктеменің азаюына, көлік ағынын ыңғайлауға, тұрғындардың жолға кететін уақытын азайтуға, қаланың іскерлік және тұрғын аудандары болып бөлінуін еңсеруге әкеледі;

бекітілген бас жоспарға сәйкес жаңа салалық схемалар, қала бөліктерінің жоспарлау жобаларын және жеке орамдар мен шағын аудандар салу жобаларын әзірлеу;
қаланың қолданыстағы бас жоспарына түзетулер енгізу, оны нақты жағдайлар мен Астананың орта және ұзақ мерзімді перспективада дамуының қажеттіліктеріне сәйкес келтіру ;

қаланың өнеркәсіптік аймағы аумағында перспективалы салалар мен жоғары технологиялары бар кәсіпорындар және өндірістер салу мен орналастыру т ұ ж ы р ы м д а м а с ы н ә з і р л е у ;

қаланы су тасқынынан, су басудан және басқа да техногендік және табиғи сипаттағы дүлей зілзаладан қорғаудың тиімді жүйесін жасау;

қаланың сәулеттік-көркемдік ортасын ұйымдастыру бағдарламасының аясында кешенді дизайн әзірлеу және енгізу.

3.3.2. Тұрғын үй құрылысы

Астананы елорда - ретінде дамыту әкімшілік және іскерлік функцияларды ғана емес , сонымен бірге тұрғындар өмірінің жоғары деңгейі мен сапасына, оның өмір сүру жағдайларына қол жеткізуді жүзеге асыруды көздейді.

Осыған байланысты тұрғын үй құрылысын дамытудың мынадай бағыттары к ө з д е л у д е :

тұрғын үй секторында мемлекеттік реттеу тетіктерін құру, мәмілелер тәуекелдерін азайту, құрылыс кешенін кеңейту және жылжымайтын мүлік бағасының өсуін тежеу үшін осы сектордағы монополияны жою, оның ішінде:

тұрғын үй құрылысын жеңілдікпен кредиттеу және мемлекет тарапынан берілетін кредит бойынша пайыздық ставканы өтеу жолымен азаматтардың ез қаражаттарын салуын экономикалық ынталандыру ;

қалалық тұрғын үй облигациялары займдарын жүзеге асыру арқылы эконом-сыныптағы тұрғын үй құрылысына бюджеттен тыс инвестициялар тарту

к о з д е л е д і .

Алға қойған міндеттерді шешу мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қ а ж е т :

тұрғын үй құрылысында прогресшіл технологияларды, қазіргі заманғы сәулет-құрылыс және қала құрылысы шешімдерін өнімдер түрлері мен материалдардың экологиялық таза дизайны бойынша осы заманғы түрлері мен номенклатурасы бойынша халықтың түрлі жіктерінің төлем қабілеті мен сұраныстарына жауап беретін таңдаулы тұрғын үйлерге де, сондай-ақ табысы аз азаматтарға арналған тұрғын үйлерге д е п а й д а л а н у ;

магистральдық инженерлік желілер, сондай-ақ құрылыс және коммуникациялары жоқ аумақтардан үйлер салуға жер учаскелерін бөлу.

3.3.3. Қаланы абаттандыру

Қаланы көгалдандыру мынадай негізгі бағыттар бойынша іске асырылатын болады:

"көгалдандыру" құрылысы мониторингі, ол мыналарды қамтиды: көгалдандырудың кешенді схемасының іске асырылуын, көгалдандыру объектілерінің жалпы мәдени бет-бедеріне сай болуын, екпе материалдарының, "көгалдандыру" құрылысы жөніндегі жұмыстардың және жасыл желекті күтіп-баптау жөніндегі жұмыстардың сапасын бақылау;

қаланың ауқымында саябақтардың, гүлбақтардың, гүлзарлар мен гүл көшеттеріне бөлінген аймақтардың санын ұлғайту арқылы көптеген жасыл шағын аймақтар құру; қала маңындағы санитарлық-қорғаныш аймағының құрылысын аяқтау.

Қаланы көгалдандыру және абаттандыру мақсатында мынадай іс-шараларды іске а с ы р у қ а ж е т :

орман питомниктерін қайта жаңарту және салу; орам ішіндегі аумақтарды кешенді абаттандыру және көгалдандыру, жасыл желекті ескере отырып жаңа объектілерді жоспарлау және салу; қала маңындағы аймақта негізгі көлік магистральдарының бойына ландшафтық е к п е л е р о т ы р ғ ы з у ;

Астана қаласының "жасыл белдеуін" кеңейту, көпжылдық жасыл екпелерді п а й д а л а н у ;

сол жақ жағалаудың жасыл желегінің сақталуын қамтамасыз ету үшін сол жақ жағалаудан өндірістік база салу;

"жасыл белдеу" аумағында рекреациялық аймақтар құру.

3.3.4. Газбен жабдықтау

Тұрғындар санының өсуіне және автомашиналарға май құятын жаңа бекеттердің ашылуына байланысты сұйытылған газды тұтыну 2010 жылға қарай 2005 жылмен салыстырғанда 10,5%-ға өседі деп күтілуде.

Газбен қамтамасыз етуді дамытудың басым бағыттары: қала мен қала маңындағы аумақтардың газға деген қажеттілігін қамтамасыз ету;

ресурсты үнемдеу саясаты болады.

Қалада газға деген қажеттілікті өтеу үшін мынадай негізгі іс-шараларды жүзеге асыру көзделіп отыр:

газ құбырларының қазіргі желілерін кеңейту және қайта жаңарту;
тоттанбайтын жабындыларды пайдалана отырып, жаңа газ құбырларын салу;
газ толтыру станциясын қайта жаңарту, сондай-ақ қуаттылығы жылына 20,0 мың тоннадан асатын жаңа станция салу;
автомобильдерге газ құятын қосымша станциялар салу.

Астана қаласының тұтынушыларына Батыс Қазақстан облысындағы Қарашығанақ кен орны газының орнына Ресейден табиғи газды жеткізетін газ құбырын салудың орындылығын зерделеу көзделіп отыр, бұл қалалық ЖЭО мен қазандықтарды күлі көп көмірдің орнына табиғи газды жағуға көшіруге және жыл сайын шығатын көмір қышқыл газын 500 мың тоннаға азайтуға мүмкіндік берер еді.

Бұдан басқа, Астана қаласын табиғи газбен қамтамасыз ету үшін көмірді жер астында газдандыру мүмкіндігін зерттеу орынды.

3.3.5. Сумен қамтамасыз ету және су тарту

Сумен жабдықтау және су тарту инфрақұрылымын дамытудың басым бағыттары: ауыз суды дайындаудың жаңа технологияларын қолдана отырып, жұмыс істеп тұрған су тазарту құбырлары құрылыстарын қайта жаңарту және олардың қуатын арттыру;

жаңа су құбырларын салу, қаланың барлық аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ететін сумен жабдықтау жүйесін құру;

жаңа желілерді траншеясыз төсеуді және жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңарту кезінде тесу және созу әдісімен төсеуді енгізу;

су жүргізу және кәріздік сорғы станцияларын, кәріз құрылыстарын салу, жаңғырту және жаңарту;

абоненттердің және тұрғындардың суды тұтынуын толық есепке алуды ұйымдастыру, ауыз су мен техникалық судың сымсыз пайдаланылуын азайту;
жерасты суларының жаңа қорларын барлау;

ауыз су шығару және сарқынды суларды тазарту кезінде ең жаңа экологиялық таза технологияларды пайдалану (оның ішінде, кәріздік тазарту құрылыстарының тұнба алаңдары бар құрғақ шөгінділерін кәдеге жарату болады).

Осы бағыттарға сәйкес мыналар бойынша іс-шаралардың тұтас кешені жоспарланады:

су құбырларын ауыстыру және жаңаларын салу;
ауыз су сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін, жаңа сүзгі материалдарын қолданып жұмыс істеп тұрған сорғы-сүзгі станциясын қайта жаңарту және жаңғырту;
басқарудың энергияны үнемдеу және автоматтандырылған жүйелерін қолданып, жұмыс істеп тұрған су құбырлары және кәріздік сорғы станцияларын қайта жаңарту;

Астана қаласының сол жақ жағалауы аумағындағы құрылысты су басудан, құрғаудан, топырақ суы деңгейінің төмендеуінен инженерлік қорғау; Астана қаласын Есіл өзенінің жайылма суынан қорғауды қамтамасыз ету; жауын-шашын кәрізі жүйесін дамыту; шыны пластика құбырларын қолдана отырып кәріздік коллектор салу; су-күл шығару айналымы жүйесіндегі сарқынды суларды кейіннен пайдаланатын өнеркәсіп жауын-шашын сарқынды суларын жинау жүйесін (кәріздік сорғы станциясы бар) салу;

"Талдыкөл" сарқынды сужинағышын қайта өңдеу жолымен жою; Вячеслав су қоймасының сутартқышын қайта жаңарту; Нұра жерасты сулары көздерін игеру; Сілеті су қоймасынан қаланы сумен қамтамасыз ету үшін магистральдық су құбырын салу;

қала кенттерінің орталықтандырылған сумен жабдықталуын қамтамасыз ету. Астана қаласында ауыз судың тапшылығын ескере отырып, суды тұтынуды азайту және су ресурстарын қайтымды пайдалануды кеңейту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, Нұра өзенінің аңғарын сынаптан тазарту мен Ынтымақ су қоймасының суағарын қалпына келтіру жөніндегі жобаларды іске асыру көзделеді.

3.4. Көлік және телекоммуникацияны дамыту

3.4.1. Көлік

Көлік саласын дамытудың негізгі бағыттары: алдыңғы кезеңдерде басталған объектілерді салуды және қайта жаңартуды аяқтау; қалалық маңызы бар магистральдық көшелерді (6-8 жолақты қозғалыс) салу, қазіргі бар жолдарды санаттарына сай ету үшін қайта жаңарту; көлік айырықтарын, өтпешолдарды салу арқылы қалалық маңызы бар үздіксіз қозғалыстағы магистральдық көшелерді қалыптастыру; жоспарланған аудандар арасындағы байланысты жақсарту үшін су тосқауылдары арқылы өтетін көпірлерді салу; перспективалы және транзиттік бағыттардағы жолдардың жекелеген учаскелерін салу; жол қозғалысы реттілігінің тиісті деңгейі мен жүру қолайлылығын қамтамасыз ететін қала ішіндегі жолаушылар көлігінің балама түрлерін енгізу және дамыту (жүрдек трамвайлар жіберілетін монорельсті жол салу көзделуде); халықаралық стандарттарға сәйкес келетін автомобиль паркінгі жүйесін дамыту; қазіргі заманғы халықаралық стандарттар деңгейіне сай келетін жол-құрылыс материалдарының өндірісін дамыту; автобус және троллейбус парктерін, жалпы қоғамдық көлік инфрақұрылымының объектілерін жаңарту болып табылады.

Астана қаласының көлік-коммуникациялық кешенін дамыту міндеттерін іске асыру

үшін мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:
жолаушылар көлігінде көрсетілетін қызметтер мәдениеті деңгейін және сапасын арттыруды қамтамасыз ету;

қалалық бюджет және жекеше инвестициялар есебінен жылжымалы құрамды жаңарту;

бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін қалалық жолаушылар көлігі жүйесін дамытуға арналған шығыстарды қаржыландырудың жаңа тетігін құру;

жолаушылар автокөлігі кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын нығайту;

жол-көлік инфрақұрылымын дамыту (көшенің көлік жүретін бөлігін кеңейту, аялдама пункттерінің және жолаушылар көлігінің технологиялық тоқтап тұру орындарын абаттандыру, жерасты жаяу жүргіншілер өткелдерін салу және т.б.).

3.4.2. Телекоммуникациялар

Адам өмірінің көптеген салаларына ақпараттық технологиялардың жылдам енуін ескере отырып, телекоммуникациялар кешені экономиканың неғұрлым серпінді дамып келе жатқан саласына айналып келеді. Осыған байланысты телекоммуникациялар саласын дамытудың басым бағыттары:

Астана қаласының мемлекеттік басқару органдарының ресми серверін жетілдіру және серверде ұсынылған ақпараттың сайма-сай болуы;

ақпараттық технологияларды дамытатын салалық мамандандырылған ұйымдардың кірігуі негізінде бірыңғай білім беретін ақпараттық ортаны қалыптастыруды қамтамасыз ету;

желілердің инфрақұрылымын жаңғырту (оптикалық-талшықты желілер негізіндегі байланыстың цифрлық желісін жер-жерде енгізу);

почта аударымдарының бірыңғай жүйесін электрондық төлемдер жүйесіне дейін кеңейту (әмбебап төлем, жүйесі арқылы ұялы байланыс, спутниктік теледидар абоненттерінің операторларынан және Интернет-қызмет провайдерлерінен және т.б. төлемдерді қабылдау);

азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара тиімді іс-қимылды қамтамасыз ететін қызметтер (электрондық салық декларацияларын беру, электрондық дауыс беруге қатысу және т.с.с.);

авиабилеттерді және темір жол билеттерін, сондай-ақ футболға немесе театрға билеттерді броньдау және оларға тапсырыс беру, Интернетке шығу, телефон арқылы әлемнің кез келген нүктесімен байланыс орнату болады.

Алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

елорданы ақпараттандыру саласын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету; инвестициялық және инновациялық жобалардың, деректер базасының кешенін құру

;

геоақпараттық жүйелер кешенін құру, ғылыми ақпараттық ресурстардың электрондық кітапханасын жасау.

3.5. Сауда

Сауда және қызмет көрсету салаларын дамытудың негізгі бағыттары: тұтыну нарығындағы нормативтік құқықтық базаны рұқсат беру жүйесін оңайлату және оңтайландыру бөлігінде жетілдіру;

қаланың азық-түлік қоры көлеміндегі жергілікті құрамдасын арттыру; азық-түлік қорын түзуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстарды қаржыландыру жүйесін жетілдіру;

Астана қаласының маңында осы аймаққа кіретін Ақмола облысының фермерлік шаруашылықтарын және қаланың тамақ өнеркәсібінің қайта өңдеуші кәсіпорындарын бірыңғай технологиялық тізбекке біріктіретін азық-түлік белдеуін (ет, сүт және т.б.) құру;

қоғамдық тамақтандыру жүйесін жетілдіру; қоғамдық тамақтандыру желісінің және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының әлеуметтік бағытталуын күшейту;

сауда кәсіпорындарының сапалық құрамын жақсарту; тауар қозғалысы арналарын жетілдіру, желілік компаниялардың, дүкен-қоймалардың қазіргі заманғы тарату орталықтарын құру;

бағаның өсуін тежеу және нарықтың жекелеген бөліктерін монополияландыруды болдырмау факторы ретінде тиімді бәсекелес орта құру;

шағын бөлшек сауда желісін тәртіпке келтіру, рұқсат етілмеген сауданы жою; сауда объектілерінің әлеуметтік бағдарлануы, тұтыну нарығы саласында елорданың әлеуметтік саясатын іске асырудағы сауда құрылымдарының рөлін жандандыру; қаланың көтерме саудасына отандық, ең алдымен, жергілікті тауар өндірушілерді қолдау тетіктерін іске қосу;

қызмет көрсету деңгейін және ұсынылатын қызметтер сапасын арттыру; сауда және қызмет көрсету саласындағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту әрі белсенді пайдалану болады.

Осы бағыттар аясында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады: ірі жаңа сауда объектілерін салу жөніндегі жобаларды іске асыру; көтерме жәрменкелер, көрме-жәрменкелер, аукциондар ұйымдастыру және өткізу, тауар биржаларын, маусымдық шатырларды дамыту; жергілікті, отандық өндірістің азық-түлік тауарларын сататын мамандандырылған фирмалық дүкендерді ашу;

Астана қаласының маңындағы аймақта күзгі көкөністерді салатын қазіргі заманғы көкөніс қоймаларын және булы жылыжайлар салу;

Астана қаласының қазіргі бар қайта өңдейтін кәсіпорындары, шикізат жеткізуші кәсіпорындары (ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер), инвестициялық

компаниялары мен көтерме сауда ұйымдары базасында кіріккен құралым-кластерлер (бидай, ет-сүт, жеміс-көкөніс) құру;

әлеуметтік-экономикалық, нормативтік-құқықтық және ақпараттық-маркетингтік мазмұндағы дерекқоры бар әрі республика ішіндегі және одан тыс жерлердегі тауар биржаларымен, азық-түлік жәрмеңкелерімен, агроөнеркәсіп орындарымен нақты уақытта (он-лайн) байланысу мүмкіндіктерін пайдаланатын Интернет-сайт базасында Астана қаласының тұтыну нарығы мен қызметтерінің ақпараттық ресурсын құру.

3.6. Қалалық қызмет көрсету саласын дамыту

Қалалық қызметтер саласының басым бағыттары:
қалада тұрғындар мен заңды тұлғаларға көрсетілетін қалалық қызметтерді оңтайландыру жөніндегі жұмыстар жүргізу;
нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
жалпықалалық ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту;
ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды ортақ жүйемен қамтамасыз етуді ж а қ с а р т у ;

ақпараттық теңсіздікті еңсеру;
қаланы дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану болады. Алға қойған міндеттерді шешу үшін мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:
қалалық ақпараттық жүйелерді стандарттау, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының арасында өзара ақпараттық қарым-қатынас жасау, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметі туралы ақпаратқа азаматтар мен ұйымдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету сияқты мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірлеу;

Астана қаласының қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылымын, ақпараттық қызметтер моделін және электрондық өзара іс-қимылдың жалпықалалық ортасының кешенді сәулетін дамытуды жалпы жүйемен қамтамасыз ету жөніндегі ж ұ м ы с т а р д ы жү р г і з у ;

қалалық қолданбалы ақпараттық жүйелерді (ҚҚАЖ) жасау, ҚҚАЖ-ды әзірлеу, енгізу, дамыту және қызмет көрсету инфрақұрылымын жасау үшін базалық қолданбалы бағдарламалық-техникалық тұғырнамалар инфрақұрылымын жасау, қолданыстағы ҚҚАЖ-ды бейімдеу және жаңарту, дерекқорлар мен басқа ақпараттық ресурстарды қалалық ақпараттық инфрақұрылымның бірыңғай жүйесіне кіріктіру, халыққа ақпараттық қызметтерді тиімді түрде ұсынуды ұйымдастыру жүйесін құру, ақпараттық жүйелер сенімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

ақпараттық қауіпсіздіктің жай-күйінің мониторингі мен оны талдауды ұйымдастыру , электрондық цифрлы қолтаңбаны куәландыратын орталық құру, ақпараттық ресурстар деректерін сақтаудың және өңдеудің қорғалған орталығын құру;

қалалық порталдар жүйесін құру;
халықты есепке алудың автоматтандырылған жүйесін құру;

аяқталған бағдарламалық-аппараттық кешен түріндегі қалалық сатып алуды қамтамасыз ету жүйесін енгізу;

Астанада қазіргі заманғы кең ауқымды интерактивті байланыстар желілерін құру; қала тұрғындарының күнделікті өмірі үшін қажетті ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелер мен қызметтер құру.

3.7. Салық және бюджет саясаты

Бюджет саясаты азаматтардың әл-ауқатының және әлеуметтік қорғалуының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге, жаңа индустриялық-инновациялық даму орталығы ретінде қаланың ықтимал мүмкіндіктерін іске асыруға бағытталады.

Болжамды кезеңдегі салық саясатының мынадай басым бағыттары: салықтық әкімшілік етуді жақсарту; қала меншігін пайдаланудың тиімділігін арттыру арқылы салықтан тыс түсімдерді ұлғайту;

қала тыныс-тіршілігінің әр түрлі салаларын қаржыландыру үшін бюджеттен тыс қаражатты тарту;

салық салынатын базаны кеңейтуге жәрдемдесу, заңды және жеке тұлғалардың қаржы-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыру үшін жағдай жасау; "көлеңкелі" экономика үлесін барынша азайту, кәсіпкерлік қызмет субъектілерін есепке алуды жақсарту;

шығынды кәсіпорындарда шығынның нақты екендігін растау мақсатында олардың қаржы-шаруашылық қызметіне уақтылы тексеру жүргізу болады.

Бюджет қаражатын бөлу мынадай басым бағыттар бойынша жүргізіледі: кедейлікті азайту және мүгедектерді оңалтудың қалалық бағдарламаларын іске асыру;

білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қоршаған ортаны қорғау, мәдениет салаларындағы бағдарламаларды қаржыландыру;

елорданың бас жоспарына сәйкес жобалау-жоспарлау жұмыстарын жүзеге асыру; көлік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту; индустриялық-технологиялық парктерді, бизнес-инкубаторларды, жаңа технологиялар орталықтарын, маркетинг орталықтарын құру және дамыту.

Астана қаласын дамытуда алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:

қала бюджетінің кірістері мен шығыстарын жоспарлаудың деңгейін арттыру; бөлінген бюджеттік қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету және бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігін арттыру;

шығыстардың әлеуметтік мәні бар (денсаулық сақтау, білім беру) баптары бойынша қаржылық қамтамасыз етудің ең төменгі орта мерзімді нормативтерін әзірлеу және енгізу;

бәсекелес ортаны, қолайлы инвестициялық және кәсіпкерлік ахуалды қолдау үшін

ұзақ мерзімді институционалдық көтермелеу жасау;
қалалық бағдарламалардың іске асырылуының тұрақты мониторингін жүзеге асыру және олардың нәтижелері туралы халықты кеңінен хабардар ету.

3.8. Инвестициялық ахуалды жақсарту

Ескерту. 3.8-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.26 № 919 Жарлығымен.

Инвестициялық саясат Астана қаласының экономикасын, әлеуметтік, өндірістік және көлік инфрақұрылымын дамыту жобаларын іске асыру үшін қаржы ресурстарын пайдалану мен тартудың тиімділігін барынша арттыруға бағытталады.

Алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай басым бағыттар мен іс-шаралар жүзеге асырылатын болады.

Қала тыныс-тіршілігінің дамыған инфрақұрылымын жасау саласында:

ЖЭО-2, жылу желілерін және энергия желілері объектілерін кеңейту және қайта жаңартуды, N 7, 8 станциялардың қазандық агрегаттарын, N 5, 6 станциялардың құбыр агрегаттарын және Астана қаласының су жылыту қазандығын орнатумен ЖЭО-2 кеңейтуді; Астана қаласының ЖЭО-1 КС (жаңа алаң) қайта жаңартуды; ЖЭО-3 салуды көздейтін Астана қаласының жылу көздерін дамытуға арналған инвестициялар;

Астана қаласының магистральдық жылу және электр желілерін дамытуға арналған инвестицияларды игеру, оның ішінде: 110 кВ электр тарату желілері (ЭТЖ), "Заречнаяға", "N 17 тұрғын аймаққа", "Степнаяға", "N 14 тұрғын аймаққа" "ЖИФ-қа" кіретін 110/10 кВ "Жаңа" шағын станциясын (ШС), «Шығыс» ШС салу және жергілікті бюджет қаражаты есебінен екі жаңа 110/10 кВ болатын «Киров 2», «Сарыбұлақ» ШС салуға арналған жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу; қаланың сол жақ жағалау бөлігінде іске қосылатын ЖЭО-2-ның жылу магистралінің үшінші тармағын салу; қазіргі бар магистральдық жылу жүйелерін, электр желілерін қайта жаңарту, жаңа университеттің инженерлік желілерін жүргізу.

2006 - 2010 жылдары жылу электр энергетикасы саласындағы қажетті инвестициялардың жалпы көлемі 91,5 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 41,6 млрд. теңге; II кезең - 49,9 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен - 89,5 млрд. теңге (I кезең - 40,2 млрд. теңге, II кезең - 49,3 млрд. теңге) және жергілікті бюджеттен - 2,0 млрд. теңге (I кезең - 1,4 млрд. теңге; II кезең - 0,6 млрд. теңге).

Сумен қамтамасыз ету және су тарту саласында:

2006 - 2010 жылдары мынадай жобалары іске асырылады: сумен қамтамасыз ету және су тарту жүйелерін жаңарту (Жапон халықаралық ынтымақтастық банкінің қаражатын тартумен); Астана қаласының сол жақ жағалау аумағының құрылыстарын су басып кетуден инженерлік қорғау, қашыртқы және жер асты сулары деңгейін төмендету; жауын-шашын кәрізі жүйесін дамыту; "Талдыкөл" сарқынды сужинағышын жою; Вячеслав су қоймасы суағарының 2-тармағын қайта жаңарту; Нұра су көздерін игеру, Астана қаласының сумен жабдықтау және су бөлу жүйелерін дамыту, қаланы

Сілеті су қоймасынан сумен қамтамасыз ету үшін магистральдық суағар салу.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен Кенесары - Сейфуллин көшелері учаскесіндегі Сарыарқа көшесі бойындағы су құбырының; "Шұбар-3" шағын ауданындағы су құбырының құрылысы жүзеге асырылады.

Қала қажеттілігін қанағаттандыратын, сумен қамтамасыз етудің және су тартудың инженерлік инфрақұрылымын жасау үшін қажетті қаржы қаражатының жалпы көлемі 2006 - 2010 жылдары 105,0 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 48,4 млрд. теңге; II кезең - 56,6 млрд. теңге), оның ішінде: республикалық бюджеттен - 104,9 млрд. теңге (I кезең - 48,3 млрд. теңге; II кезең - 56,6 млрд. теңге) және жергілікті бюджет есебінен 0,1 млрд. т е ң г е (I к е з е ң) .

К ө л і к с а л а с ы н д а :

Астана қаласының Бас жоспарына сәйкес 2010 жылға қарай 14 км жылдамдықты жолдарды, қалалық маңызы бар 41 км магистральдық көшелерді; 120 км аудандық маңызы бар магистральдық жолдарды; 25 км жергілікті маңызы бар көшелер мен ж о л д а р д ы с а л у ж о с п а р л а н у д а .

Қала ішінде 12 көлік құрылысын, оның ішінде 5 көпір; 1 өтпежол; 6 көлік а й ы р ы м ы н с а л у к ө з д е л і п о т ы р .

2006 жылы Халықаралық әуежай мен 400 жеңіл автомобильге арналған қосымша үй-жайлары бар жабық гараждың құрылысы аяқталады.

Алдағы кезеңге қала ішіндегі жолаушы көліктерінің балама түрлерін енгізу ж о с п а р л а н у д а .

2006 - 2010 жылдар кезеңінде қаланың көлік жүйесін дамытуға қажетті инвестициялардың жалпы көлемі 95,9 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 56,2 млрд. теңге; II кезең - 39,7 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен - 88,0 млрд. теңге (I кезең - 51,2 млрд. теңге, II кезең - 36,8 млрд. теңге) және жергілікті бюджеттен - 7,4 млрд. теңге (I кезең - 5,0 млрд. теңге; II кезең - 2,4 млрд. теңге), концессионерлердің қаражаты есебінен - 0,5 млрд. теңге (II кезең).

Ә л е у м е т т і к с а л а д а :

Республикалық бюджет қаражаты есебінен: 11 жалпы білім беретін мектептің құрылысы және 375 орындық түзету мектеп-интернаты; 300 орындық мамандандырылған мектеп-интернат; жалпы білім беретін кәсіптік оқу орталығы ғимаратына жапсарлас құрылыс салу (спорт залы, шеберхана), 1600 орындық бастауыш және орта кәсіби білім беру ұйымдарының екі объектісінің құрылысы аяқталады.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 6 мектепке дейінгі ұйымның және 280 орындық санаторлық бала бақшаның, 800 орындық кәсіптік-техникалық мектептің (байланыс бейіні бойынша), балалар үйі үшін 4 тұрғын үй кешенінің құрылысын жүзеге асыру, Оқушылар сарайын қайта жөндеуді, сондай-ақ 14 жалпы білім беретін мектептің құрылысына жобалау-сметалық құжаттарды әзірлеу, кәсіпорындар мен ұйымдар қаражаты есебінен 300 орынға арналған кәсіптік лицейдің құрылысын жалғастыру

ж о с п а р л а н у д а .

Қаланың білім беру жүйесіне салынатын инвестициялар көлемі 2006 - 2010 жылдары 26,1 млрд. теңгені құрайды (І кезең - 11,4 млрд. теңге; ІІ кезең - 14,7 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 18,8 млрд. теңге (І кезең - 6,8 млрд. теңге; ІІ кезең - 12,0 млрд. теңге) және жергілікті бюджет қаражаты есебінен 5,5 млрд. теңге (І кезең - 4,6 млрд. теңге; ІІ кезең - 0,9 млрд. теңге), кәсіпорындар мен ұйымдар қаражаты есебінен - 1,77 млрд. теңге (ІІ кезең).

Республикалық бюджет қаражаты есебінен денсаулық сақтау саласында 2006-2010 жылдары: қалалық жұқпалы аурулар ауруханасын; 250 адам қабылдайтын әйелдер консультациясы бар, жаңа туған нәрестелерді екінші кезеңде күтіп-бағу бөлімшесі бар 150 төсек-орындық перзентхананы; қан орталығын; 250 төсек-орындық балаларға арналған жұқпалы аурулар ауруханасын; әр ауысымда 250 адам қабылдайтын консультативтік-диагностикалық емханасы бар 350 төсек-орындық көп бейінді қалалық балалар ауруханасын; қуаты 500 адам қабылдайтын екі амбулаториялық-емханалық кешен (бір ауысымда 350 адам қабылдайтын үлкендерге арналған, 150 адам қабылдайтын балаларға арналған), 360 төсек-орындық көпбейінді стационарды салу; Астана қаласында № 12 көше мен Абылай хан даңғылының қиылысы ауданында 500 орынға арналған көпбейінді стационар салу; Астана қаласында бір ауысымда 380 адам қабылдайтын емханасы бар 270 төсек-орындық онкологиялық диспансер салу жүзеге а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен: әр ауысымда 350 ересек адамды және 150 баланы қабылдайтын бір амбулаторлық-емханалық кешеннің, медицина қызметкерлері үшін шағын отбасы үлгісіндегі жатақхананың құрылысы аяқталады, бір ауысымда 350 орындық ересектерге және 150 орындық балаларға арналған екі амбулаториялық-емханалық кешеннің, қан беру орталығының, 250 төсек-орындық балалар жұқпалы аурулар ауруханасы; қалалық жұқпалы аурулар ауруханасының, студенттер емханасының, 250 адам қабылдайтын әйелдер консультациясы бар жаңа туған нәрестені екінші кезеңде күту бөлімшесі бар 150 төсек-орындық перзентхананың; 360 орындық салынып жатқан көпбейінді стационар құрамында крематорийі бар патологиялық-анатомиялық бюроның; 100 төсек-орындық хоспистің, медициналық колледждің оқу корпусының, көпбейінді қалалық балалар емханасы құрылысының жобалау-смета құжаттамасын әзірлеу аяқталады.

2006-2010 жылдары қаланың денсаулық сақтау саласын дамытуға инвестициялар көлемі 35,6 млрд. теңгені құрайды (І кезең - 6,6 млрд. теңге; ІІ кезең - 29,0 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен - 33,5 млрд. теңге (І кезең - 4,7 млрд. теңге; ІІ кезең - 28,8 млрд. теңге) және жергілікті бюджет есебінен 2,1 млрд. теңге (І кезең - 1,9 млрд. теңге; ІІ кезең - 0,2 млрд. теңге).

Спорт ғимараттарынан қалада теннис кортын, конькимен сырғанау стадионын салу, сондай-ақ алдыңғы кезеңде басталған велотректің және стадионның құрылысын аяқтау,

сырғанақ тебетін мұз айдынын жапсарлас сала отырып, «Қазақстан» спорт сарайын қайта жаңарту; Астана қаласында теннис кешенін салу; № 10, 16, 20, 22, 24, 30, 36, 41 жалпы білім беру мектептеріне спорт алаңдарын салу қажет.

2006 - 2010 жылдары спортты дамытуға инвестициялар көлемі 30,9 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 16,0 млрд. теңге; II кезең - 14,9 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 30,8 млрд. теңге (I кезең - 16,0 млрд. теңге; II кезең - 14,8 млрд. теңге) және жергілікті бюджеттен - 0,1 млрд. теңге (II кезең).

Республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен мәдениетті дамыту мақсатында Конгресс-холл, «Шабыт» шығармашылық сарайы, Астана қаласындағы Бас алаңда монумент, тутұғыр, 3500 орындық әмбебап киноконцерт залы салынады, қала тұрғындары үшін Қоянды өзенінің су қоймасында қысқа мерзімді демалу аймағы жасалады. Бейбітшілік және келісім сарайының құрылысын аяқтау жоспарлануда.

2006 - 2010 жылдарда мәдениетті дамытуға инвестициялардың көлемі 32,9 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 15,6 млрд. теңге; II кезең - 17,3 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен - 31,7 млрд. теңге (I кезең - 14,6 млрд. теңге; II кезең - 17,1 млрд. теңге) және жергілікті бюджет қаражаты есебінен — 1,2 млрд. теңге (I кезең - 1,0 млрд. теңге; II кезең - 0,2 млрд. теңге).

Тұрғын үй құрылысы саласында:

Халық санының өсуін есепке ала отырып және тұрғын үй құрылысын одан әрі жалғастыру мақсатында (Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын есептемегенде) коммуналдық және басқа да тұрғын үй құрылысы жүзеге асырылады.

2006 - 2010 жылдарда қажетті инвестициялар көлемі 7,5 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 5,5 млрд. теңге; II кезең - 2,0 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет есебінен - 5,5 млрд. теңге (I кезең - 5,5 млрд. теңге; II кезең - млрд. теңге) және жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2,0 млрд. теңге (II кезең).

Қаланы абаттандыру саласында:

Республикалық бюджет қаражаты есебінен: Есіл өзенінің оң жағалауындағы Президент саябағын; Басты алаңды; "Арай" саябағын; Есіл өзені бойындағы саябақты; желілік саябақты; дендрологиялық саябақты; Астана қаласының бірінші кезектегі объектілерінің инженерлік желілерін; N 1 жоспарланған ауданның инженерлік желілері мен жолдарын (N 19 көшеден оңтүстікке қарай) салуды; Есіл өзенінің арнасын жаңартуды, Есіл өзенімен кеме жүруін ұйымдастыруды; инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды абаттандыруды, Астана қаласында жоспарлы А, Б ауданының, Слободканың, Кенесары - Есіл өзені - Күмісбеков - Сарыарқа көшесінің, Жангелдин - Кенесары - Күмісбеков - Сарыарқа көшесінің, Бөгенбай - Жангелдин - Күмісбеков - Сарыарқа көшесінің инженерлік желілері мен жолдарын, № 19 жоспарлы ауданының инженерлік желілерін (жылумен жабдықтау), Астана қаласында «Слободка» ауданынан қолданыстағы ф. 2000 мм қиылысына дейін (Қорғалжын тас жолы) кәріздік коллектор

салуды және КСС-43-тен КТС-на дейін қолданыстағы коллекторды қайта жайластыруды дамытуды жүзеге асыру қажет.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен: қаланы көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар; орамдар ішіндегі аумақтарды кешенді абаттандыру; жаңа бейіт салу, ботаникалық бақ, Слободканың жоспарланған А, Б ауданының инженерлік желілері мен жолдарының құрылысы, N 1 жоспарланған ауданнан Қорғалжынға дейін шаруашылық-қалдық су кәрізін салу; "жасыл белдеуде" рекреациялық аймақтар құру; қаланың орман қорғау белдеуін қайта жаңарту және абаттандыру, жасыл екпелерді қайта жаңарту, Садоводческая көшесі бойында құбырлы дренаж салу жүзеге асырылады.

2006 - 2010 жылдар аралығында қаланы абаттандыруға кететін қажетті инвестициялар көлемі 75,6 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 57,7 млрд. теңге; II кезең - 17,9 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджеттен 70,2 млрд. теңге (I кезең - 53,4 млрд. теңге; II кезең - 16,8 млрд. теңге) және жергілікті бюджет есебінен 5,4 млрд. теңге (I кезең - 4,3 млрд. теңге; II кезең - 1,1 млрд. теңге).

Қоршаған ортаны қорғау саласында:

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен ЖЭО-2 КС құрылымдық бөлімшесінің жұмыс істеп тұрған қазандықтарының біреуіндегі күлұстағыштарды "Эмульгирлеу" құрылғысына ауыстырып қайта жаңарту жүргізіледі, сондай-ақ Темір жол, Өндірістік-техникалық жиынтықтау басқармасы, Мичурин кенттерінің қазандықтарының күлұстағыш құрылғылары қайта жаңартылады; қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру үшін арнайы полигон салынады. Бұдан басқа, ЖЭО-1 КС N 6 күл шығару орнының эзірленген картасын қайта өңдеуді жүзеге асыру, Сарыбұлақ өзенін тазалау және абаттандыру, ЖЭО-2 № 1 күл үйіндісінің пысықталған картасын қайта өңдеу (№ 2 ұяшық, ішінара) жоспарлануда.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаты есебінен қоқысты қайта өңдейтін, пластик пен құмды қайта өңдейтін, суға төзімді кеуек бетон блоктарын өндіретін зауыттар салу жүзеге асырылады.

2006 - 2010 жылдары қаланың қоршаған ортасын қорғау жөніндегі іс-шараларға инвестициялар көлемі 0,47 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 0,31 млрд. теңге; II кезең - 0,16 млрд. теңге), оның ішінде жергілікті бюджет есебінен 0,4 млрд. теңге (I кезең - 0,3 млрд. теңге; II кезең - 0,1 млрд. теңге), кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаты есебінен 0,07 млрд. теңге (I кезең - 0,01 млрд. теңге; II кезең - 0,06 млрд. теңге).

Қосылған құны жоғары өнімдер өндіруге бағдарланған ғылыми-өнеркәсіптік кешендерді қалыптастыру және дамыту саласында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады: өндіріс алаңдарын, аумақтар мен инфрақұрылымдарды өнеркәсіп паркін құру үшін қайта жаңарту (индустриялық парк), жеке салалар мен кәсіпорындар бойынша бизнес-жоспарлар жасау тетіктерін қоса алғанда, инвестициялық шешімдерді қабылдау тетігін жетілдіру жөніндегі жүйелі шараларды жүзеге асыру; өндірісті қайта жаңарту, жаңғырту жобаларын іске асыруға жәрдемдесу (салалық және/немесе

өңіраралық компаниялар құру); өңірлердің үлестік қатысуымен өңіраралық жобаларды әзірлеу.

Жоғарыда аталған бағыттарды іске асыру үшін 2006 - 2010 жылдары қаланың өнеркәсіп аймағының республикалық бюджет қаражаты есебінен инфрақұрылымдық жайластырылуын қоса алғанда, инновациялық қызметті қолдауға 11,6 млрд. теңге мөлшерінде инвестициялар көлемі қажет.

Инновациялар саласында:

2006 - 2010 жылдар кезеңінде қалада:

мақсаты нарықты зерделеу және жаңа технологияларға, қазіргі заманғы материалдарға, өнімдерге, қызметтерге сұранысты анықтау және ғылыми-техникалық зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы кәсіпорындар мен компанияларға жүргізілген талдаудың нәтижелерін беру болып табылатын ақпараттық-маркетинг орталығын;

қалада өндірілетін жоғары технологиялық тауарлар мен қызметтерді ұсына білуге арналған сауда-көрме орталығын қамтитын инновациялық қызметті дамыту мен қолдау инфрақұрылымы құрылады.

Құқықтық база мен экономикалық тетіктерді жетілдіру саласында:

Алға қойған міндеттерді шешу үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі: инвестициялық және инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

инвестициялық және инновациялық қызмет субъектілері үшін ынталандыратын жағдай жасау мақсатында салық және кеден режимін өзгерту жөнінде уәкілетті органдарға ұсыныстар енгізу;

қала аумағында инвестициялық белсенділікті ынталандыру үшін жағдай жасау; бұқаралық тұрғын үй құрылысын ынталандыру; тұрғын үйге жатпайтын қорды қаржылық және жедел лизинг схемаларын қолдану арқылы пайдалануға беретін коммерциялық құрылыс;

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймақтың қолданылу мерзімін 2010 жылға дейін ұзарту;

елорданың оңды бет-бейнесін қалыптастыру есебінен қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыру.

3.9. Туризмді дамыту

Астана қаласын дамыту туристік саланы басқа салалар үшін экономикалық тиімділік жасайтын ішкі және келу туризмдеріне бағдарланған, жиынтығында туристік кластерді құрайтын индустрияның туристік саласы ретінде қалыптастыруды көздейді.

Туризмді дамытудың негізгі бағыттары:

іскерлік туризм, экологиялық туризм, мәдени-танымдық туризм, этнотуризм түріндегі жүйе караушы туристік бағыттарды дамыту;

сервис салаларын, атап айтқанда: туристерді орналастыруды, қоғамдық

тамақтандыру, демалыс және ойын-сауық индустриясын, көлік қызметтерін, мәдениетті және спортты дамыту;
кластердің жұмыс істеу тетігін дамыту;

туристік өнімдер маркетингі және оларды ұсына білу, ақпараттық қамтамасыз ету, төлем жүйелері, кадрмен қамтамасыз ету, инвестициялық қолдау, нормативтік және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету;

Астананы аймақтық туристік транзиттік-таратушы торап ретінде дамыту.

Жоғарыда аталған бағыттар аясында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады: рекреацияның, бос уақыттағы демалыстың және туристік қатынастың үш деңгейлік жүйесін дамыту: қалалық демалыс аймақтары, қала маңындағы демалыс аймақтары, Ақмола облысы маңындағы демалыс аймақтары;

инфрақұрылымның барлық элементтерін: ақпараттық қамтамасыз етуді, орналастыруды, тамақтандыруды, демалысты және ойын-сауықты жетілдіру және әлемдік стандарттарға жеткізу;

әлемдік стандарттарға сай көпфункционалды көрме орталығын құру; туристерді әуе көлігімен жеткізудің барабар нұсқаларын енгізу; қазіргі бар қалалық экскурсия бағыттарын жетілдіру және жаңаларын жасау; құрамына этноауыл, ат-спорт клубы, ұлттық ас үй, ұлттық өнер заттарының саудасы енетін кешенді турларды ұйымдастыру.

3.10. Қоршаған ортаның жағдайын жақсарту

Ескерту. 3.10-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.26 № 919 Жарлығымен.

Қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етудің басым бағыттары: жаңартылатын ресурстар мен энергияның балама көздерін пайдалану;

атмосфералық ауаны қорғау;
су ресурстарын қорғау;
өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару;
"көгалдандыру" құрылысын дамыту;

қоршаған ортаны қорғауды дамытуды қамтамасыз ету болады.

Астана қаласының аумағында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі негізгі іс-шаралар:

жылжымалы және стационарлық ластау көздерден ластайтын заттардың қалдықтарын азайтуға және атмосфералық ауаға мониторинг жасау жүйесін дамытуға;

ескірген жану құрылғылары мен жылу электр орталықтарының күлұстағышын жаңарту және ауыстыру жолымен ластаудың стационарлы көздерінен атмосфераға шығарылатын қалдықтарды азайтуға;

Астана қаласының жер бетіндегі су қоймаларының гидрохимиялық мониторингін жүргізуге;

су деңгейінің автоматтандырылған мониторингін енгізуге;

судың сапасын жақсарту үшін сумен қамтамасыз етуді жаңартуға;
су тұтынуды үнемдеу режимін енгізу арқылы су ресурстарының тапшылығын
азайтуға;

қазіргі заманғы тиімді технологияларды қолдану арқылы тазалау қондырғыларын
салуды;

айналымдағы сумен жабдықтау объектілерін салуға;
өнеркәсіп-жауын-шашын сарқынды суларын жинау жүйесін салуға;
қалалық демалыс аймақтары, сондай-ақ қаланың жер бедерінің элементтері ретінде
су қоймаларының функцияларын дамытуға;

өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға кері әсерін азайтуға және
оларды көмуге ғана емес, сондай-ақ қайта өңдеуге де арналған өндіріс және тұтыну
қалдықтарын бақылаудың тиімді жүйесін жасауға;

табиғатты тиімді қолдануды экономикалық ынталандыру жүйесін жетілдіру, қауіпті
қалдықтарды азайту және энергиямен жабдықтауға шаралар қолдану жөніндегі
жұмыстарды жүргізуге бағытталуға тиіс.

4. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері

Ескерту. 4-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.26 № 919 Жарлығымен.

Бағдарламаны іске асыруға республикалық, жергілікті бюджеттердің, халықтың қаражаты, халықаралық қаржылық, экономикалық ұйымдардың, шетелдік және отандық жеке инвесторлардың гранттары пайдаланылатын болады.

2006 - 2010 жылдарға арналған инвестицияларға деген жалпы қажеттілік 547,6 млрд.теңгені, оның ішінде республикалық бюджет қаражатынан - 514,1 млрд.теңгені, жергілікті бюджет қаражатынан - 31,1 млрд теңгені, кәсіпорындар мен ұйымдар қаражатынан - 2,35 млрд. теңгені құрайды:

	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Кәсіпорындар, ұйымдар және концессионерлер қаражаты	ЖИЫНЫ
2006	62,5*	6,9	-	69,4
2007	79,3	7,7	-	87,0
2008	100,9	4,1	0,01	105,01
2009	140,4*	5,0	1,8	147,2
2010	101,3*	2,7	0,54	104,54
Жиыны	514,1**	31,1**	2,35	547,55**

* Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2006 - 2007 жылдардағы кредит қаражаты - 5,07 млрд. теңге), Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2008 - 2010 жылдардағы

кредит қаражаты - 25,0 млрд. теңге) шеңберінде қала бюджеті тұрғын үй құрылысына алатын кредиттерді есепке алмағанда;

** Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 — 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жылдар бойынша қаржыландыруға 34,4 млрд. теңге сомасындағы 2006 жылғы республикалық және жергілікті бюджеттердің нақтылануы қосылды, оның ішінде: республикалық бюджетке - 29,7 млрд. теңге; жергілікті бюджетке - 4,7 млрд. теңге; электр және жылу энергетикасына - 91,5 млрд. теңге; сумен жабдықтауға және су бұруға - 105,0 млрд. теңге; көлік жүйесін дамытуға - 95,9 млрд. теңге; білім беру жүйесіне - 26,1 млрд. теңге; денсаулық сақтауды дамытуға - 35,6 млрд. теңге; мәдениет пен спортты дамытуға - 63,8 млрд. теңге; тұрғын үй құрылысына - 7,5 млрд. теңге; абаттандыруға - 75,6 млрд. теңге; қоршаған ортаны қорғауға - 0,47 млрд. теңге; индустриялық парк салуға - 11,6.

Әрбір жылға арналған қаржыландыру көлемі кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті және Астана қаласының бюджетін қалыптастыру кезінде анықталатын болады.

5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Ескерту. 5-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.26 № 919 Жарлығымен.

Бағдарламаны іске асыру халықтың сапалы тұрмыс деңгейін көтеруге жағдай жасайтын елорда ортасын үйлесімді дамытуды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Қаланың әлемдік стандарттарға сай инфрақұрылымы қалыптастырылады. Астана қаласының экономикалық орталық ретінде рөлі артады. Үш кластер - құрылыс индустриясында, тамақ өнеркәсібінде және туризмде қалыптасады. Бұл кәсіпорындардың жеткізушілермен, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарымен өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның негізгі бағыттарын іске асыру 2010 жылы елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуының мынадай көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік туғызады:

э к о н о м и к а д а :

2010 жылы ЖӨӨ 2004 жылмен салыстырғанда 2 есеге өсуі; өнеркәсіптік өндіріс көлемінің 2,2 есеге, оның ішінде өңдеуші өнеркәсіпте - 2,2 есеге, электр энергиясын, газ бен су өндіру мен тартуда - 2,0 есеге ұлғаюы;

өнеркәсіптегі нақты өсімнің жыл сайынғы қарқынын 6,0%, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 4,0% мөлшерінде қамтамасыз ету;

өнеркәсіпте негізгі капиталға инвестициялардың өсімі 2004 жылғы бағалармен 1,4 есе, өңдеуші өнеркәсіпте (2004 жылмен салыстырғанда) 1,3 есеге ұлғаюы;

өнеркәсіпте жұмыс істейтін адамдардың саны 1,1 есе ұлғаюы;

2010 жылға қаладағы ЖӨӨ-гі шағын кәсіпкерлік үлесінің 29,2 %-ға дейін ұлғаюы;

тыныс-тіршілік инфрақұрылымында:

электр энергиясын өндіруді 1,2 есеге арттыру;

жылу энергиясын өндіруді 1,5-1,6 есеге өсіру;

830 км болатын көшелер мен жолдар салу және қайта жаңарту, оның ішінде 50 км жоғары жылдамдықты жолдар (14 км-ге ұзарту), реттелетін қозғалыстың қалалық маңызы бар 134 км магистральдық көшелері (41 км-ге ұзарту), аудандық маңызы бар 192 км магистральдық көшелер (120 км-ге ұзарту), жергілікті маңызы бар 454 км көшелер мен жолдар (25 км-ге ұзарту);

жыл сайын қатты жабындысы бар 20 км жол салу, жалпы желі ұзақтығының жол төсемдерін 50% мөлшерінде қайта жаңартуды, орта және ағымдық жөндеуді (жол жұмыстарын жөндеу) жүргізу;

12 құрылыс, оның ішінде 5 көпір, 1 өтпезол және 6 көлік айырымын салу;

7500-9000 автомобиль қоятын орынға арналған кемінде 30 жабық және ашық паркингтер (тұрғын үй кешендері мен қоғамдық мақсаттағы объектілердің құрамында және дербес объектілер ретінде) құрылысы;

300 км су құбырын алмастыру және салу арқылы сумен жабдықтау және су бөлу жүйесін жаңғырту;

"Талдыкөл" сарқынды сужинағышын жою және қайта өңдеу;

құрылыста:

50 мыңнан астам отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 3,1 млн. шаршы метр тұрғын үй құрылысын, оның ішінде - 2,7 млн. шаршы метр көпқабатты құрылысты іске қосу;

құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнын 15-20 %-ға арзандату;

құрылыстың сапасын арттыру және құрылыс кешенінің өніміне сұранысты арттыру;

қазіргі бар тұрғын үй қорының техникалық жай-күйін жақсарту және үйлердің пайдалану мерзімдерін едәуір ұлғайту, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз ету және елорданың сәулеттік бейнесін жақсарту;

қазіргі заманғы санитарлық-техникалық нормаларға сәйкес келетін жаңа үйлерге көшіру есебінен қала тұрғындарының қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз ету және тұрғын-үй жағдайларын жақсарту;

сауда және қызмет көрсету саласында:

ЖӨӨ құрылымындағы сауда және қызмет көрсету үлесін 21 %-ға дейін арттыру;

қаланың сауда алаңдарымен қамтылуын 18,9 %-ға дейін арттыру;
республиканың бөлшек сауда тауар айналымы көрсеткіштеріндегі қаланың үлес салмағын 10 %-ға дейін және тұтыну тауарларының көтерме сауда айналымындағы үлес салмағын 15 %-ға дейін өсіру;

сауда және қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылған адамдардың санын жыл сайын 5 - 7 %-ға ұлғайту;

жалпы көлемі 100000 шаршы метр ірі сауда базарларын, оның ішінде 95 % - оң жағалауда іске қосу;

әлеуметтік салада:

әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру;
әлеуметтік жағынан осал адамдардың жағдайын жақсарту;
халықтың өмір сүруінің орташа ұзақтығын 74,6 жасқа дейін ұлғайту;
жұмыссыздық деңгейін 6,9 %-ға дейін төмендету;
кедейлік шегінде өмір сүретін адамдар санын азайту;
халықтың ақшалай табыстарын 1,8 есеге арттыру;
сапалы білім алуға қол жетімділікті және міндеттілікті қамтамасыз ету;
жалпы білім беретін мектептер жүктемелерінің санитарлық нормаларын қамтамасыз ету;

білім беру жүйесінің бірыңғай білім беру ақпараттық ортасын құру;
мектептегі орындардың тапшылығын 70 %-ға және мектепке дейінгі ұйымдарда 50 %-ға қысқарту;

қаланың білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының деңгейін уақыт талаптарына сай келтіру;

ерекше санаттағы, оның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балалардың білімге сұранысын қамтамасыз ету;

жас және ересек тұрғындарға кәсіптік білім, қажетті жұмыс біліктілігін алу үшін жағдай жасау және оларды нарықтық экономика жағдайында қоғамдық пайдалы еңбекке тарту;

еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кәсіби кадрларды даярлау үшін іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі жұмысты әрі жүргізу;

білім беру саласында бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау, қайта даярлау үшін база әзірлеу және жағдай жасау;

халықтың (әсіресе жастардың) мәдени деңгейін және рухани әлеуетін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау;

қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және қоғамды одан әрі топтастыру.

экология саласында:

Астана қаласының қоршаған ортасының жай-күйін бақылаудың бірыңғай жүйесін құру;

ресурстарды ұтымды пайдалануға және зиянды шығарындыларды азайтуға

ынталандыратын іс-шараларды жүзеге асыру;
жылу энергетикасы кәсіпорындарында тазалау құрылыстарын орнату;
автомобиль көлігін мотор отынының экологиялық таза түрлеріне көшіру;
тазарту құрылыстарын салу, "Талдыкөл" сужинағышын жою және жауын-шашын
к ө р і з і н д а м ы т у ;
қайта өңдеуді қоса алғанда, өндіру және тұтыну қалдықтарын басқару жүйесін құру;

қаланың бірыңғай "жасыл құрылымын" жасау;
қаланың экологиялық қауіпсіздігін басқарудың тиімділігін арттыру, қала дамуының
экологиялық болжамдарын түзу, экологиялық шиеленіс ошақтарын анықтау және
табиғи ресурстарды ұтымды басқару.

қалалық қызмет көрсету саласында:

Астана қаласының ақпараттық кеңістікке кіруін қамтамасыз етуге бағытталған
құқықтық актілердің толыққанды жүйесін құру;
азаматтар мен ұйымдардың ақпаратқа және базалық ақпараттық-коммуникативтік
қызметтерге құқықтарын бекіту;

электрондық өзара іс-қимыл ортасының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін желілік
сервистердің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын жасау;

қаланың ақпарат жүйелерін әзірлеуге және ұстауға шығындарды азайту;
ақпараттық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру;

"электрондық мекеме" технологиясын қолдайтын қазіргі заманғы ақпараттық
технологияларды енгізу;

қаланың негізгі ақпараттық ресурстарын сыртқы және ішкі қатерлерден қорғалуын
қ а м т а м а с ы з е т у ;

қысқа мерзімде көрсетілуі көзделетін қалалық қызметтердің стандарттарын енгізу;

электрондық нысанда қызмет көрсетуге жағдай жасау және оны ұсынуға
к е з е ң - к е з е ң і м е н к ө ш у ;

қаланы басқарудың ашықтығын арттыру, қалалық қызметті пайдаланушылардың
және олар ұсынатын қызмет құрылымдарының уақытын және қаражатын үнемдеуге
қ о л ж е т к і з у ;

ақпараттық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және қалалық қолданбалы
ақпараттық жүйелерді құру мен іске қосу шығындарын азайту;
ақпараттық ресурстарды жеделдете дамыту;

ақпарат-имидж саясаты саласында:

электрондық ақпараттық инфрақұрылымды жасау;

ақпараттық өрісті кеңейту және Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық
дамуын ақпараттық сүйемелдейтін және қолдайтын жаңа тәсілдер енгізу;

нысаналы топтар арасында Астана қаласының оңды бет-бейнесін қалыптастыру;

телекоммуникацияларды дамыту саласында:

халықтың қалың жіктерінің білім деңгейін және компьютерлік сауаттылығын
а р т т ы р у ;

бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту;
дәстүрлі почта қызметінің қолжетімділігін, сапасын және әлеуметтік маңызын
а р т т ы р у .

Бағдарламалық іс-шараларды практикада іске асыру Астана қаласын дамытудың макроэкономикалық тұрақтылығын, орта мерзімді, сондай-ақ ұзақ мерзімді кезеңдерде қамтамасыз ете отырып, оның әлеуметтік-экономикалық дамуының оң үрдістерін орнықтыруға мүмкіндік туғызады.

Бағдарламаны іске асырудың жоспарланатын көрсеткіштері 7-кестеде көрсетілген.
7-кесте

Астана қаласын дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың жоспарланатын көрсеткіштері

Ескерту. 7-кесте жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2010.01.26 № 919 Жарлығымен.

	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.*	2010 ж.*
Өнеркәсіп өнімінің өсім қарқыны, %	18,8	19,2	19,3	-7,2	3,8
Экономикалық белсенді халық қатарынан шағын бизнесте жұмыспен қамтылғандардың үлес салмағы, %	18,2	20,2	22,1	26,3	29,1
Тұрғын үйді пайдалануға беру, мың шаршы метр	530	662,5	462,1	1259,6	1300,0
Сыртқы сауда айналымы, млн. доллар:	3060	3720	4460	5102,3	6307,0
экспорт (млн. долл.)	1710	2000	2300	2850,5	3500,0
импорт (млн. долл.)	1350	1720	2160	2251,8	2807,0
Жұмыссыздық деңгейі, %	7,6	6,9	6,9	6,9	6,9
Кірістер (ресми трансферттерді есепке алмағанда), млрд. тенге	41,0	45,9	47,1	70,6	67,4

* болжамды есептік мәліметтер.